Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

№123 (28601)
2 ШІЛДЕ
БЕЙСЕНБІ
2015 ЖЫЛ

ISSN 1998-9720

Бүгінгі нөмірде:

Тығырықтан жол тапқан 4-бет

Тұрғын үй – өмір сапасының айнасы 5-бет

Қазақстанның тағы бір қадамы 6-бет

Қазақ үшін оюдың орны бөлек 9-бет

«Аида» операсын көрді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Аида» операсының қойылымына барды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Джузеппе Вердидің әйгілі операсы Астана күніне орай жаңа пішімде – декорациялар мен шоу элементтерін, сондай-ақ, отшашуды қолдану арқылы ашық кеңістікте қойылды.

Спектакльдің қоюшы режиссері – Ресейдің халық әртісі Ю.Александров. Қойылымға арналған декорациялар Италия сценографы және режиссері Ф.Дзеффиреллидің эскизі бойынша жасалды. Бұл жоба үшін Болгариядан тенор К.Чанев арнайы шақырылды. Сонымен қатар, қойылымға «Астана Опера» театрының орындаушылары – жетекші солист Ж.Ғабдуллина, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Д.Хамзина, Т.Мұсабаев, Армениянның халық әртісі Б.Туманян қатысты. Жалпы, спектакльге 300-ге жуық адам атсалысты.

Тауар айналымына оң ықпал

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Қабиболла Жақыповтың жетекшілігімен өткен палатаның кешегі жалпы отырысында еліміз бен Италия, Румыния және Болгария арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарды ратификациялау мәселесі қаралды. Сондай-ақ, депутаттар мақта саласын дамыту, зейнетақымен қамсыздандыру және өзге де мәселелерді жан-жақты талқылаудан өткізді.

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан».

Алдымен күн тәртібінде «2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу мерзімін бекітіп алған депутаттар ЕАЭО туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, осыған орай, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін басқа да халықаралық шарттар мен хаттамаларды ратификациялау туралы заң жобасын мақұлдады.

Шарт 2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеуде жасалған. Қырғыз Республикасы осы шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасын пайдаланады. Аталған шартқа Қырғызстанның қосылуы ратификациядан өткеннен кейін мүше мемлекеттердің барлығы кедендік бақылауды жоятын болады. Бұл ретте, Қырғызстанның өткізу пункттері Одақтың талаптарына сәйкестендіріліп, оған Ресей тарапы кең ауқымдағы техникалық көмек көрсеткені белгілі. Қырғыз Республикасының аумағы арқылы Қытай тауарларының кері экспортының алдын алу мақсатында қосылған құнының пайыздық үлесі 40, 50 пайыздан аз болмайтын, сондай-ақ, ТМД шеңберінде 2009 жылғы 20 қарашадағы тиісті келісімде белгіленген тауарлардың шыққан елін айқындау критерийлері қолданылатын жеткілікті қайта өңдеу критерийлері бойынша талаптарды қатаңдату туралы уағдаластыққа қол жеткізілген.

(Соңы 2-бетте).

Кәсіпкер әйелдер қатары көбейіп келеді

Кеше елордада Мемлекеттік хатшы, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Іскер әйелдер кеңесінің I конгресі өтті.

Эльмира МӘТІБАЕВА,
«Егемен Қазақстан».

Іс-шара барысында бірінші сөз алған Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова ондағы қатысушыларды аталған кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі отырысының ашылуымен құттықтай отырып, таяуда ғана Қазақстан халқының тәуелсіздік тарихында айтулы белеске жеткендігін ерекше атап өтті. «Еліміз ұзақ жылдарға созылған келіссөздерден кейін Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы мәртебелі ұйымға кіру жөніндегі келіссөздердің аяқталғанына байланысты халыққа жасаған үндеуінде бұл нәтижеге жету үшін еліміз 19 жыл табанды түрде жұмыс жүргізгендігін айтты. Шын мәнінде, ел өміріндегі өте жауапты кезең. Өйткені, Елбасы айтқандай, бүгінде сауда-саттығымыздың 90 пайызы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерге тиесілі», деген Г.Әбдіқалықова сондықтан да ДСҰ аясында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының отандық кәсіпкерлердің белсенділігін арттыруға, қабілетін шыңдауға сөзсіз жаңаша серпін беретіндігіне тоқталды.

Шын мәнінде Гүлшара Наушақызы айтып өткендей, Елбасының Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі келіссөздердің аяқталғаны туралы ресми хабарлай отырып, бұл оқиға – біз үшін тарихи сәт, деген болатын. Еліміз ДСҰ-ның 162-ші мүшесі болды. Сол себепті ортақ мүддеге бағытталған, ел экономикасын дамытуда әйелдер де күш жұмылдыруы қажет.

Бүгінгі таңда әйелдер кәсіпкерлігі маңайындағы өзекті мәселелерді шешу барысында оңтайлы шешімдер мен нәтижелі қарым-қатынас жасау жолында мемлекет пен бизнес-қауымдастықтың әлеуетін арттыру маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда бізде жақсы ресурстар бар, деген Мемлекеттік хатшы қай қоғамда болмасын, әйелдің орны ерекше екендігіне назар аударды.

(Соңы 2-бетте).

Қазақстан ұйымға өз талаптарымен кіріп отыр

Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде Экономикалық ықпалдастық министрі Жанар Айтжанова, Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков, Әділет вице-министрі Эльвира Азимова, Инвестициялар және даму вице-министрі Альберт Рау, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары Рахым Ошақбаев баспасөз мәслихатын өткізді.

Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ,
«Егемен Қазақстан».

Бірінші болып сөз кезегін алған Ж.Айтжанова ДСҰ тарихында Қазақстан келіссөздер бойынша ең күрделісі болғанын айтты. «Біздің келіссөздеріміз 19 жылдан астам мерзімге созылды. ДСҰ хатшылығының және бізбен келіссөз жүргізгенірі мемлекеттердің пікіріне зер салсақ, ДСҰ құрылғалы бері біздің келіссөздер ең күрделі келіссөз болып табылады екен. Себебі, біз Кедендік одақтамыз, мұнымен бірге 2012 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа да мүше болып табыламыз. Сондықтан, маңызды мәселелеріміздің жартысы дерлік ЕАЭО комиссиясының құзырында. Негізі, барлық мәселелерді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен ақылдасып, келісе отырып, осы шешімдерді қабылдадық деп айтуымызға болады», деді министр. Келіссөздер барысында өзіміздің елдік мүдде-талаптарымыз да табанды қорғалып, келелі істің осыншалық созылуына себеп болыпты.

(Соңы 2-бетте).

Тағылымы мол өмір философиясы

Астана күніне айтулы сыйлық болып тартылды

Жақсыбай САМРАТ,
«Егемен Қазақстан».

Астана күнінің қарсаңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» атты тағы бір тамаша кітабы өмірге келді. Роман-диалог тәжірибесі қазақ әдебиетінің тарихында бұрыннан бар екенін білеміз. Әлемдік тәжірибеде саяси қайраткер өмірін сұхбат түрінде жазған ұлғінің бірі ретінде Фидель Кастроның жеке өмірі қамтылып, әлемнің жиырмадан астам тіліне аударылған «Моя жизнь» атты (М., 2009) кітабын мысалға алуға болады. Мына еңбек те осы әдіспен жазылған.

Кеше Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында осы кітаптың тұсаукесер рәсімі болды. Оған елімізге танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, ақын-жазушылар, ғалымдар қатысты. Жиынды Президент Кеңсесінің бастығы – аталған мекеме директорының міндетін атқарушы Махмұт Қасымбеков ашып, тұсаукесердегі алғашқы сөзді Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықоваға берді.

Гүлшара Наушақызы өз сөзін тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті, әлемдік деңгейдегі біртуар тұлға, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шығармалар қатары бүгін мазмұны терең жаңа туындымен толығып отыр, деп бастады. «Өмір өткелдері» атты кітап ел Президентінің еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан кейін өзі туралы әңгімелеген екінші кітабы деуге болатынын атап өтті. Одан әрі Мемлекеттік хатшы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы бұған дейін де бірнеше отандық және шетелдік авторлардың қалам тербегенін жеткізді. Соның ішінде танымал көсемсөзшілер Рой Медведев, Джонатан Айткен және т.б. бар. Ал жуырда «Әлемдік көшбасшылар» сериясын ашып, белгілі орыс жазушысы Сергей Плехановтың «Жібектей есілмеген жол» атты кітабы жарық көрді. Мемлекет басшысының сұхбаттарынан тұратын бүгін тұсауы кесіліп отырған «Өмір өткелдері» кітабы ел өмірінің күрделі кезеңдеріне жеке өз басының көзқарасын білдіріп, бағасын беруімен құнды. Сонымен қатар, онда тәуелсіз елді құру мен дамыту барысындағы тағдыршешті шешімдердің тууы мен орындалуы баяндалған, деді Г.Әбдіқалықова.

Аталған шығарманың құндылығы туралы жеке пікірімді айтсам, Елбасы мен сұхбат алушы арасындағы табиғи шынайы әңгіменің өрбуі, егемендік шежіресіне қатысты бұрын-соңды естімеген тың деректердің ұсынылуы, «Ұшқан ұя ұлағаты» деген тараудан басталып «Нұрлы Жолға» ұласуы сияқты өмірбаяндық соқпақтар тарихи оқиғалармен сабақтастырыла рет-ретімен берілуі, сондай-ақ, өзара диалог барысындағы интеллектуалдық биік өлшем мен қазақтың шұрайлы тілі оқырманды өзіне тартатын ерекше тұстарының қатарына жатқызуға болады, деп жалғады сөзін Мемлекеттік хатшы. Азия мен Еуропаны қатар жайлаған Қазақ елінің екі саяси жүйе – тоталитаризмнен демократияға аяқ басуы, екі экономикалық жүйе – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуіндегі қиын шақтар жан-жақты айтылады. Әсіресе, тәуелсіздіктің басындағы Семей ядролық полигонын жабу, «Байқоңыр» ғарыш айлағының мәртебесін белгілеу, мемлекеттік шекараны делимитациялау кезіндегі Елбасының ерекше саяси ерік-жігері мен көреген дипломаттығы, саңлақ саясаткерлігі сан қырынан ашып көрсетіледі. Кітапты оқи отырып, еларалық кездесулер мен келіссөздердегі Мемлекет басшысының сұңғыла саясаткерлігін, харизмалық биік өресін, мұқалмас қажыр-қайратын шынайы сезініп, таңғаламыз және мақтаныш етеміз.

Сондықтан, бұл кітапты, біріншіден, Президенттің ұлы істері мен ұлағатты өмірі жайындағы барынша толық ғұмырнамалық шығармалардың бірі ретінде бағалауға болады. Екіншіден, қазіргі заманғы қазақстандық мемлекеттіліктің баға жетпес дәйекті дереккөзі ретінде құнды болып отыр. Үшіншіден, бұл кітап қазақстандық патриотизмнің іс жүзіндегі



көрнекі оқулығына айналмақ. Яғни, Елбасының ғибратты ғұмыры айшықталған аталған кітап мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, мемлекеттік қызметшілердің, ғалымдар мен студенттердің, жалпы жұртшылықтың ерекше қызығушылығын тудыратыны анық. «Өмір өткелдері» қоғамның іздеп оқитын рухани құндылығына айналатынына сенімдімін, деді Гүлшара Әбдіқалықова сөзінің соңында.

Одан әрі сөз белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, танымал ғалым Мырзатай Жолдасбековке берілді. Президенттің жаңа кітабы «Өмір өткелдері» деп аталыпты, деп бастады ол өзінің сөзін. Елбасының балалық шағынан даналығына дейінгі аралық түгел қамтылыпты. Автордың өмірі халқының, өзі құрған мемлекетінің өмірімен тағдырлас, қатар, бірге, тұтас өріліп, жалғасып келеді.

(Соңы 3-бетте).

Әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға шақырды

Кеше Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев жұмыс сапарымен Алматы облысына барды.

Талдықорғанда Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Вице-премьердің төрағалығымен өңіраралық кеңес өтті, оның барысында «Туған жерге тағзым» акциясы қорытындыланды.

Ағымдағы жылы Алматы облысында байқауға жалпы сомасы 3 млрд. теңгеден астам жеке инвестицияларға 232 әлеуметтік жоба ұсынылды.

Кеңесті қорытындылаған Б.Сапарбаев кәсіпкерлікті дамытуға кең перспективалар мен тартымды бизнес ахуалдың бар екендігін атап өтті. Ол бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың маңыздылығына назар аударып, кәсіпкерлерді мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамытуға арналған мүмкіндіктерді белсенді пайдалануға шақырды.

Б.Сапарбаев «Zhersu» ИӨК» компаниясын мысал ретінде келтірді. Бұл компания өз қаражаты есебінен (600 млн. теңгеден астам) Лепсі ауылында спорттық мектеп-интернат, спорт кешенін, тігін цехын, физика-математикалық бейімді лицей-интернатын, саябақ, кинотеатр және Жыланды ауылының педагогтарына арнап 11 үй салған.

Бұдан өзге, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында үстіміздегі жылдың 5 айында облыста 21 балабақша (салынған инвестиция 400 млн. теңгеден асты) ашылды және жыл соңына дейін тағы 47-сін ашу жоспарланып отыр.

(Соңы 2-бетте).

Тауар айналымына оң ықпал

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаевтың айтуынша, отандық автоөнеркәсіпті арзан қырғыз импортынан қорғау мақсатында Қазақстан нарығына Қырғыз Республикасының аумағына 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін әкелінген автомобильдер ғана еркін кіретіні айқындалған. Олар «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Министр 2015-2017 жылдары Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 2 еседен артық ұлғаятынын тілге тиек ете келе, еліміз көршісіне негізінен бидай, тас көмір, темірден және легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек, ұн мен әктасты флюс экспорттайтынын алға тартты.

Бұдан кейін палата Италиямен, Румыниямен және Болгариямен қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттарды ратификациялау туралы заң жобаларын қарап, мақұлдауды ұйғарды. Онда негізінен сұрау салынатын тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін құқықтық көмек түрлері қамтылған. Сол сияқты Мәжіліс Қазақстан мен Италия арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау мәселесін де қарап, қолдады. Мұнда адамды ұстап беру туралы сұрау салу жолданған кезде екі тараптың да заңнамаларына сәйкес жазаланатын және оларды жасағаны үшін кемінде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе одан да ауыр жаза көзделетін қылмыстар танылады.

Сонымен қатар, кешегі жалпы отырыста депутаттар зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша түзетулерді екінші оқылымда қарап, мақұлдады. Заң жобасымен қолданыстағы заңнамадағы олқылықтардың орнын толтыруды көздейтін заңнамалық актілерге: Салық кодексіне, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр. Осы құжат бойынша жұмыс тобының 9 отырысы өткізіліп, онда 200-ден астам түзету қаралыпты.

Жалпы, зейнетақы жүйесін жаңарту мақсатында 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны өзгерту көзделген. Ал жұмыс берушілер есебінен 5 пайыздық зейнетақы салымдарын енгізу 2018 жылдың 1 қаңтарынан қолға алынатыны белгілі болып отыр. Және де депутаттар күн тәртібіне шығарылған мақта саласын дамыту мәселелері бойынша түзетулерді қарап, Сенат енгізген өзгерістермен келісті.

Кәсіпкер әйелдер қатары көбейіп келеді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар, Елбасы ұсынған 5 институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамды» орындауға республикамыздың әйелдер қауымы белсене атсалысады деген сенімін білдіре отырып, осы тұста Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия нәзікжандыларды еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық өмірінің барлық салаларына барынша тартуды мақсат етіп қоятындығы атап өтілді. Олардың ел үшін қызмет ете жүріп, өздерін жанжақты дамытуға, өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде мол мүмкіндіктерге ие екендігін айтты.

Мемлекеттік хатшы өз ретімен нақтылап бергеніндей, бұл жиынның барысында кеңес стратегиясы талқыланып, ондағы басымдыққа алынып отырған нақты тапсырмалар мен жұмыстың бағыттары, мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар арасындағы әрекеттестік тетіктері талқыланғалы отырғандығы мәлім болды. Мемлекетімізде кәсіпкерлікті дамытуға арналған ыңғайлы да оң бағыттағы жағдайлардың жасалынып отырғандығы көлденең тартылды. «Елбасының V әйелдер форумындағы тапсырмасына сәйкес, 2009-2015 жылдарға арналған әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасы жасалынған болатын. Оның аясында кәсіпкер әйелдерді қолдаудың әдіс-тәсілдері уақыт санап дамып келеді», деген Гүлшара Наушақызы әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербететінін айтып өтті.

Бұл ретте өткен жылы Әлемдік экономикалық форумда гендерлік теңдік бойынша жаһандық рейтингте біздің еліміз 43-орынды иеленгендігі айтылды. Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында кәсіпкер әйелдердің үлесін арттыру бойынша нақты ұсынымдар әзірлегендігі белгілі болды.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда еліміз бойынша орта есеппен шағын және орта бизнес субъектілерінің 41,5 пайызына әйелдер жетекшілік етіп отырғандығы, ал 1086,5 мың жеке кәсіпкердің ішінде 542,9 мың әйел азаматша бар екендігі атап өтілді. Өткен жылы әйелдер 794,5 мың жұмыс орнын қамтамасыз етіп, бұл шағын және орта бизнес секторындағы барлық жұмыс орнының 30%-ын құрайтынын айтты. Осының барлығы дерлік әйелдер бизнесін одан әрі дамытуда және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда қолданылып отырған жүйелі шаралардың нәтижесі екендігіне екпін түсірілді.

Қостанай мен Қарағанды облыстарындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің 48 пайызын әйелдер басқарып отырса, сегіз облыста және Астана мен Алматы қалаларында әйел кәсіпкерлердің саны ерлерге қарағанда басым түскен.

Мемлекеттік хатшы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесіне әйел бизнесін жоғары деңгейде қолдауға кеңес бере отырып, осы орайда кәсіпкерліктің әйелдерге жақын түріне, жеңіл, азық-түлік өнеркәсібі, туризм секілді салаларға басымдық беруді ұсынды. Сондай-ақ, өңірлік деңгейде әйелдер бизнесінің мектептерін құру қажеттігін айтты.

Келесі кезекте сөз алған Іскер әйелдер Кеңесінің төрайымы Ләззәт Рамазанова ағымдағы жылы еліміздің барлық облыстары мен Астана, Алматы қалаларында іскер әйелдер кеңестері құрылғанын мәлімдеді. Бұл орайда аталған бизнеске бейім нәзікжандылардың аты-жөндері мен өмірлік ұстанымдары туралы ақпарат беретін бейнеролик телеэкраннан көрініс тапты. Сондай-ақ, ол әйелдердің бизнес-үдерістерге және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамаларын жүзеге асыруға белсенді түрде жұмылдырылатынын айтты.

Мемлекеттік хатшы Іскер әйелдер кеңесінің алдындағы бірқатар басым міндеттер туралы әңгіме қозғады. Олардың ішінде кәсіпкерлік қызметтің әйелдерге тән дәстүрлерін қолдау, өңірлік деңгейде әйелдер кәсіпкерлігі мектептерін жаппай құру, әйелдер бизнесін дамытуға көрсетіліп отырған мемлекеттік қызметтерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу, бизнестегі әйелдер көшбасшылығын ынталандыру секілді нақты тапсырмалар бар.

Жиынға қатысушылар кәсіпкер әйелдердің іскерлік әріптестігін республикалық және өңірлік деңгейде одан әрі дамыту жолдарын талқылады. Өңірлерде жаңадан құрылған Іскер әйелдер кеңестерінің өкілдері әр өңірге тән мәселелер жайында айтып, оларды шешуге қатысты ұсыныстарын білдірді. Соның ішінде еңбекпен қамту, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне, отбасылық-демографиялық саясатқа қатысты ойларын ортаға салды.

Осы орайда кеңеске мүше бірқатар әйелдер сөз сөйлеп, ұсыныстарын ортаға салды және алдағы жоспарларымен таныстырды. Шын мәнінде қоғамда әйелдің рөлі уақыт санап артып келе жатқандығы және бұл белсенділіктің жоғары деңгейде қолдауға ие болып отырғандығы, сондай-ақ, техника мен көлік түрлерін меңгеруде нәзікжандылардың ерекше алға шығып жатқандығы туралы сөз болды. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әйелдердің іскерлігі мен белсенділігін ұдайы назарға алып, қолдау білдіріп отыратындығына алғыс айтылды.

І Конгресс жұмысының қорытындысы бойынша елімізде әйелдер кәсіпкерлігін одан әрі дамыту жолында атқаратын кеңестің стратегиясы мен негізгі бағыттары белгіленді.

Әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға шақырды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Вице-премьер, сондай-ақ, облыстық кардиологиялық орталықты, 54 млн. теңгенің жеке қаражаты есебінен салынған «Ален» балабақшасын аралап, Талдықорғанның әлеуметтік нысандарының қызметімен танысты.

Сервис және технологиялар колледжін аралау барысында Б.Сапарбаев әлеуметтік сала басшыларының қатысуымен жиын өткізді. Онда өзекті мәселелер талқыланды және өңірдің одан әрі әлеуметтік дамуының басымдықтары анықталды.

Вице-премьер азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ, 5 институттық реформаны жүзеге асыруға арналған барлық ресурстар мен мүмкіндіктерді пайдалануға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асырудың маңыздылығына баса назар аударды. Жиынды қорытындылаған Б.Сапарбаев Елбасының алға қойған міндеттерін жүзеге асыру бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Сапары барысында Вице-премьер, сондай-ақ, «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша салынған тұрғын үй кешендерін қарап шықты.

Текелі қаласында Б.Сапарбаев қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеменің жұмысымен танысып, моноқалаларды дамыту бағдарламасы аясында жөндеуден өткен балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығын аралады.

Үкімет басшысының орынбасары жұмыс сапарының соңында Текелідегі қоғам өкілдерімен кездесіп, онда елімізде өткізіліп жатқан әлеуметтік реформалар туралы айтып, қала тұрғындарының сауалдарына жауап берді, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Қазақстан ұйымға өз талаптарымен кіріп отыр

(Соңы. Басы 1-бетте).

Спикердің сөзіне қарағанда, Қазақстанның сыртқы саудадағы ең ірі үлесі ДСҰ-ға мүше мемлекеттерге тиесілі екен. Сондықтан, еліміздің аталмыш ұйымға енуі заңды деп санайды. «Бүгінгі таңда ДСҰ-ға әлемнің 161 мемлекеті мүше болып отыр. Әлемдік сауданың 98 пайызы осы мемлекеттердің үлесіне тиеді. Егер Қазақстан туралы айтатын болсақ, 2014 жылдың соңғы деректері бойынша, біздің сыртқы сауда айналымымыз 119,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Осы сауданың ең ірі үлесі ДСҰ-ға мүше мемлекеттерге келеді. Сыртқы сауданың 40 пайыз үлесін Еуроодақ елдері алып отыр. Одан кейін Ресей – 19, Қытай – 18, Швейцария – 5, Түркия 3 пайыз болып келеді. Сол себептен бізге сыртқы сауда айналымында әріптес болып жүрген мемлекеттердің барлығы ДСҰ мүшелері болып саналады. ДСҰ-ға өту деген – тек қана сыртқы сауда саясатын ғана емес, өзінің экономикалық, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп саласындағы саясаттарын осы ДСҰ ережелері мен құқықтық базасына сай жүргізу деген сөз. Ол біздің елге келетін тікелей шетелдік инвестицияның көлемін арттыруға тікелей септігін тигізеді. Біз тәуелсіздік алған бастапқы жылдарда басқа елдермен екі жақты сауда және инвестициялық келісімдерге қол қойған болатынбыз. Сол келісімдердің арқасында бүгінгі күні біздің экономикамызға 200 млрд. долларды құрайтын тікелей шетелдік инвестициялары келді. Ол біздің экономикамыздың өркендеуіне тікелей әсер етті. Экономикамыздың қазіргі дамуы кезеңінде біздің ең үлкен мақсат – оны әртараптандыру. Біздің экспортымыздың 80 пайызы шикізаттың еншісінде. Сондықтан біз қазіргі заманғы инвестициялық және сауда келісімдерін жасап жатырмыз», деп қайырды сөзін Ж.Айтжанова.

Баспасөз мәслихатында ДСҰ-ға кіруді барлық мәселелердің шешімі деп қарауға да болмайды екен. «ДСҰ-ны қандай да бір санаторий немесе барлық мәселелердің шешімі деп қарастыруға болмайды. ДСҰ – бәсекелестіктің жаңа сатысы, жаңа белестер мен жаңа тәуекелдер. Бұл импортшылардың мүмкіндіктерінің артуы», деді ауыл шаруашылығына қатысты айтқан А.Мамытбеков. Министрдің пікірін бажайласақ, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жаңа инвестициялар тартуға, даужанжалдарды халықаралық соттарда шешуге, сондай-ақ, халықаралық сауда ережелерін құруға атсалысуға мүмкіндік туады. «Менің ойымша, ауыл шаруашылығы үшін көптеген мүмкіндіктер болады. Біздің ендігі міндетіміз сол мүмкіндіктерді жіберіп алмай, жүзеге асыра білу болмақ», деп түйіндеді сөзін министр.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ. 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

Еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап бүгінге дейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың даналықпен байсалды жүргізген ішкі-сыртқы саясаты мемлекетіміздің күш-қуатын әлемдік биік деңгейге көтеріп, экономикамыздың одан әрі қарыштап дамуына берік негіз қалыптастырды.

Болашағымыздың кілті

Мемлекет дегеніміз – механизм, оның әрбір тетіктері заманның жалпы ағымы мен ахуалына, халық мүддесіне сай жаңғыртып, осал тұстарын сауықтырып, нақтылап, үздіксіз жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Елбасы ұсынған 5 халықтық реформа қазіргі экономикалық жағдайда еліміздің одан әрі өркендеп дамуына, заманның жаңа талаптарына жауап, елдің әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне мүмкіндік беретін аса маңызды мемлекеттік құжат болып табылады.

Өнеркәсіп пен өндіріс технологиялары күн сайын жаңарып, жаңғырған бүгінгі дәуірімізде ел экономикасын жаһандық даму үрдісіне мүлтіксіз бағыттап, өндірісті индустрияландыру және әртараптандыру арқылы өңдеуші секторды экономикалық өсімнің драйверіне айналдыру алда тұрған кезек күттірмейтін ең көкейтесті шара болып табылады. Бұл мәселені түбегейлі шешіп, өңдеуші және өндіруші кәсіпорындарды қарқынды жүзеге асыру керек екенін Елбасы қадап айтты.

Бес институттық реформа мақсаттарының бірі – индустриаландыру және экономикалық өсім. «Ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау» делінген 61-қадамда. Бұл ауыл еңбеккерлерін тың табыстарға ынталандырып, малдарының өнімдерін кәдеге жаратудағы кедергілер мен қиындықтардан шығуына жол ашатыны сөзсіз.

Сонымен қатар, 35, 36-қадамдарда айтылған ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу, барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру туралы шешім де ауылда жер мәселесін реттеудегі әділеттілікті жөнге келтіретін маңызды шара. Қазір ауылдық жерлерде миллиондаған гектар жер игерілмей жатыр. Ұлан-байтақ жерді иемденіп алып не өзі пайдаға жаратпай, не өзгеге бермей отырғандар қаншама.

50-қадамда тұжырымдалған электр энергетикасы саласын қайтадан құру «Бірыңғай сатып алушы» моделін енгізіп, өңірлер арасындағы электр энергиясының әртүрлі тарифтерін реттеуге, тұтынушылар құқығына әділетті қарауға мүмкіндік береді. Осы қадам арқылы электр энергиясының бағасының негізсіз үсті-үстіне қымбаттауынан мезі болған тұрғындардың еңсесі көтеріліп қалатыны анық.

Алдағы уақытта жүзеге асырылатын бес халықтық реформа – ел ырысын еселеп арттыруға, экономикамыздың даму қарқынын жеделдетіп, халықтың әл-ауқатының деңгейін көтеруге, өндірістің экспорттық қабілетін, басқару жүйесінің әділеттілігі мен заңның үстемдігін қалыптастыруға, білім мен ғылымның дамуына, еліміздің біртектілігінің, патриоттық рухының кемелденуіне бастайтын айқын мақсаткерлікпен, кемеңгер көрегендікпен жасалған бағдарлама, халқымыздың жарқын болашағының кілті.

Ғазым ЖАРЫЛҒАПҰЛЫ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты,
Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы.

Серпін берді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлт жоспарының индустрияландыру және экономикалық өсімді арттыруға бағытталған 77 қадамында алты негізгі сала бойынша білікті кадрлар әзірлеуді еліміздің он алдыңғы қатарлы колледжі мен он жоғары оқу орнына тапсырды. Соның бірі – жаңа технологиялар колледжі.

Қазақстан Республикасы Президентінің кәсіби мамандарды даярлау тәжірибесін кейіннен еліміздің басқа да оқу орындарына таратуды міндеттеуі аса үлкен жауапкершілік жүктейді. Елбасы сенімі республикадағы 800-ге жуық орта арнаулы оқу орындарының арасында үздік ондыққа енген колледж ұжымына жаңа серпін берді. Бұл таңдау тегіннен тегін емес. Өйткені, Жаңа технологиялар колледжі облыстың ғана емес, тұтас мемлекетімізді бәсекеге қабілетті білікті кәсіби мамандармен қамтуға елеулі үлес қосып келеді.

Ұлт жоспарының 79-қадамында білім беру жүйесінде жоғары сыныптар мен жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытуға кезеңкезеңімен көшу міндеттелген. Басты мақсаты – даярланатын мамандардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының эскпорттық әлеуетін көтеру. Елбасының бұл тапсырмасы колледжде әзірдің өзінде жүзеге асуда деп айтуға негіз бар. Өйткені, «Otrar Education» жеке шағын серіктестігімен бірлескен жоба аясында 4 топта 60 студент ағылшын тілінде тереңдетіп білім алуда. Оларға АҚШ-тың жоғары оқу орындары Калифорния, Солтүстік және Оңтүстік Каролина университеттерінің түлектері дәріс оқиды.

Кәсіби маман даярлау ісінде колледж еліміздің оқу орындарымен ғана емес, шетелдік әріптестерімен де халықаралық байланыс орнатқан. Олармен тәжірибе алмасып, халықаралық жобалар аясында бірге ізденіп, бірлесіп жұмыс істейді. Соның бірі – Кембридж аймақтық колледжімен «2+2» жобасының негізінде 7 студент Англияда білімдерін жетілдіріп қайтты. Олар британдық бағдарламамен оқып, британ квалификациясын иемденді.

Студенттерді практикалық оқыту арнайы мекемелер мен құрылыс нысандарында жүзеге асады. Бұл бағытта колледж әртүрлі саладағы жекеменшік әлеуметтік әріптестерімен бірлесіп жұмыстар атқаруда. Колледж бен мекемелер арасында бірлесіп әрекет ету және стратегиялық әріптестік туралы меморандумдар түзілген, екі-үш жақты келісімшарттар бар. Бұл өз кезегінде түлектерді тұрақты жұмысқа орналастыруға, өндірісте тәжірибелі инструкторлармен жұмыс жасауға, заманауи оқу құралдарына жол ашты. Олардың қатарында «Өрлеу – Сапа» өндірістік бірлестігі, «СтройСервис – ТИК», «Аль-Декей» жеке шағын серіктестіктері мен «Электромонтаж» акционерлік қоғамы, тағы басқалар бар. Инженерлік білім беруде заманауи мамандарды даярлау аталған кәсіпорындардың кадрлық қажеттіліктерін өтеуге негізделген. Оқу бағдарламасы да өндіріс орындарының талаптары бойынша әзірленеді. Сондықтан студенттер өндірістік іс-тәжірибелерден өткен кәсіпорындарға тұрақты жұмысқа қабылданады. Осы күнге дейін орта арнаулы оқу орны 30 мыңнан астам маман әзірлеген болса, олардың 95 пайызы жұмысқа орналасқан. Жалпы мамандардың кәсіби дайындығы мен өз квалификациясын игеру көрсеткіші – 98 пайыз.

Білім беру қызметінің сапасы СТ РК ИСО 9001-2009 «EUROASIA MS» және халықаралық AFNOR француз ассоциациясының ИСО 9001:2008 талаптарына сай. Колледждің өнімділік сапа жүйесін енгізу тәжірибесі 2010 жылдың 19 наурызында республикалық оқу орындары директорларының кеңесінде қаралып, техникалық және кәсіби білім беру жүйесі бойынша Білім және ғылым министрлігінің жоғары бағасын алған. Сонымен қатар, облыстық білім басқармасының ұйғаруымен құрылысшы мамандарын даярлаудың бір тобы Елбасы тапсырмасына сай дуальдік оқыту жүйесінің эксперименттік алаңшасы ретінде қарастырылған.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Елбасы «Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді», деген еді. Осы мақсатта колледж бірқатар мамандықтар бойынша жоғары техникалық мектеп (ЖТМ) үлгісіне көшуде.

ЖТМ қанатқақты жобасының оқу бағдарламасын Білім және ғылым министрлігінің келісімімен колледж ұжымы жасап шықты. Мұнда білікті мамандар даярлау әдістері дағдылы орта арнаулы оқу орындарындағыдан өзгешелеу. Маман өз саласындағы барлық сатыдан өткен жағдайда ғана инженер деп танылады. Осылай теңдестірілген оқу жүйесі үзіліссіз жүзеге асады.

Жаңа технологиялар колледжі Үкіметінің 2011 жылғы 7 маусымдағы №777 қаулысымен құрылған «Кәсіпқор» холдингінің талаптарына сай жұмыс істейді. 2015 жылдың 27 мамырында холдинг пен колледж арасында еліміздің еңбек нарығына қажетті бәсекелестікке қабілетті жоғары сыныпты кәсіби техника мамандарын бірлесіп даярлау туралы келісімшартқа қол қойылды. Нәтижесінде арнаулы оқу орны «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану», «Электронды есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» мамандарын даярлау ісінде еліміздің эксперименттік оқу бағдарламасын енгізу базасына айналмақ. Яғни, алдыңғы қатарлы Құрылыс және коммуналдық қамсыздандыру мектебі, Информация және коммуникация мектебі, Энергетика мектебі атануға толық негіз бар. Бұдан бөлек «Кәсіпқор» холдингімен бірлесіп стратегиялық серіктестік бағытында колледжішілік эксперименттік оқу бағдарламалары мен оқу орнының 5 жылдық даму жоспары жасалды.

Колледжде жоғары кваликациялы кадрлар жұмыс істейді. Оларды қатарында бір ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты, 37 магистр оқытушылықпен айналысса, ұжымның 52%-ы жоғары санатты және бірінші дәрежелі ағарту ісінің мамандары. «Кәсіпқор» холдингімен бірлесе әрекет етудің нәтижесінде колледж оқытушылары кәсіби-техникалық және жоғары білім беру жүйесіне сай оқу бағдарламаларының жаңа принциптері мен әдістемелері бойынша біліктілік курстарынан өткен.

Колледждің 2 оқу ғимараты, 70 оқу кабинеті мен лабораториялары, оқу шеберханалары, 2 конференция залы, жергілікті тораптық телестудиясы, баспаханасы, 500 орынды акт залы, 260 шаршы метрлік кітапханасы, 150 адамдық асханасы, 170 орынды жатақханасы, медициналық және психологиялық қызмет кабинеттері бар. 20 компьютер, 6 лингофон кабинеттерінде 600 компьютер (4 студентке 1 компьютер) секундына 10 мбайттық 2 мегалайн жүйесі бойынша интернетке қосылған. Тестілеу және бақылау орталығының барлық кабинеттері мен лабораториялары заманауи оқу құралдарымен жабдықталған. 10 тасымалды бейнепроектор, 85 теледидар, қолданбалы бағдарламалы 28 интерактивтік тақта, т.б.

Бір мезетте 120 адамды қамти алатын оқу залы бар кітапхананың кітап қоры 160 мыңды құрайды, оның 160-сы электронды нұсқада ізденушілер сұранысын өтейді. Сонымен қатар, мұнда бизнес-инкубатор, ғылыми әдістемелік және мониторинг орталықтары жұмыс істейді.

Спорттық кешен құрамына 2 спорт залы бар десек, оған күрес залы, 2 футбол алаңы кіреді.

Қорыта айтқанда, еліміздің алдыңғы қатарлы он колледжінің бірі – Жоғары техникалық мектеп Елбасының 100 нақты қадам Ұлт жоспарын жүзеге асыруға атсалысуға дайын деуге болады.

Қанатбек ДОСАЛИЕВ,
жаңа технологиялар колледжінің директоры.

Тағылымы мол өмір философиясы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қирап қалған, иесіз қалған елден жаңа мемлекет орнату, оны қалыптастыру, әлемге танытып, мойындату, халқының есіктегі басын әлемнің төріне шығару, автордың өзі айтқандай, экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, таңы арайлап ататын, кеші тыныш бататын, халқы ұйқыға алаңсыз жататын, ертеңіне сенетін мемлекет орнату, қиынның қиыны еді, дей келіп, шешен кітаптан Елбасының: «Менің тағдырым – бақытты тағдыр. Маңдайыма мына жарық дүниеге тарихтың тар тұсында келудің, айналасы жарты ғасырдың о жақ, бұ жағында бүкіл әлемді төңкеріп түсірердей ғажайып өзгерістерді көрудің, сол ұлы істің басында тұрудың бақытын жазған екен. Көп нәрсені көрдім, көп жайды өзегімнен өткердім, алдымнан талай кедергілер де кездесті, олардың кейбірін заман қойды, кейбірін адам қойды. Соның бәрінен де өтіп бүгінгі күнге жетіп отырмын. Қазақстан халқының әлемдік өркениет көшіне қуатты мемлекет күйінде, халықаралық қоғамдастықтың сыйлы мүшесі ретінде, бүгінгі бақытты, ертеңгі еңселі ел ретінде қосылғанын көріп отырмын. Мың тәубе!» – дегенін дәйексөз ретінде келтіріп, осыған байланысты өзінің ойларын ортаға салды.

Кітаптың негізгі арқауын Қазақстан тарихының жаңа заманы, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік жолындағы қымқиғаш күрестер, халқымыздың бүгінгі бақытты, баянды тіршілігі құрайды. Сол бір мазасыз күндерде, ұйқысыз түндерде Президенттің жанында болғанымызды, елге керек әрқалай іс тындырғанымызды бүгінде ерекше сезіммен еске аламыз, дей келіп, одан әрі Мырзатай Жолдасбеков Фидель Кастроның, өзге де белгілі қайраткерлердің сұхбатқа құрылған өмірбаяндық кітаптары сол күйінде ауыздан шыққан әңгімеге ғана құрылмағаны анық, деді. «Өмір өткелдерін» жазысуға, ондағы айтылатын әңгімелердің көбін көзімен көрген кісінің атсалысқанын – кітаптың үлкен табыстарының бірі деп ойлаймын. Бұл кітапты деректі роман десе де болады. Тартымды. Ғибратты. Қызығып оқисың. Көзіңіз, етіңіз үйренген кәдімгі сұхбатты оқымайсыз, ойға, қисынға құрылған терең, байсалды, кемел, деректі көркем шығарманы оқисыз, деді ол. Елбасының бір қапталында жүрген кезімізде, тәуелсіздіктің алдындағы елең-алаңда, алғашқы жылдарындағы дүрбелең мен дүбірден абыржымай аман шықсақ, бұл әуелі қадірменді Елбасының, қала берді осы Сауытбектердей азаматтардың арқасы еді, дей келіп, сөзінің соңында ғалым: «Өмір өткелдері» – қалай мақтауға да, мақтануға да, қандай марапатқа да лайықты еңбек, құтты болсын, деп сөзін аяқтады.

Кезек өзіне тигенде белгілі қоғам қайраткері, академик Кенжеғали Сағадиев барлық оқиғаны бүкпесіз шынайылықпен баяндаған бұл еңбектің әсері мен үшін үлкен болды, деп бастады өзінің сөзін. Мен бұл кітапты өмірбаян туралы сұхбат қана емес, оқырманның алдына тартылған тағылымы мол өмір философиясы деп атар едім. Президенттің айтқан әрбір сөзінде, оның әрбір иірімінде жан дүниеңді қозғайтын терең ойлы толғаныстар жатыр. Елбасының жүргізген реформалары ертеңгі мен бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, өте алысты көздегені осы кітаптан айқын көрініп тұр. Сондықтан осындай стратегиялы ой-жүйелерін таныта білгенімен де бұл еңбек баршамыз, әсіресе, жастар үшін өте құнды. Мен бұл кітапты біздің еліміздің болашағын қалайтын, жерімізді аялайтын, Отанымызды қорғайтын жас қазақстандықтарға арнап әңгімелеп шықтым, дейді Президент. Осындай тағылымы мол, өнегелі өмір жолын жастарымыздың оқып, біліп жүргендері керек-ақ. Бұл кітап біздің жастарымыздың бойындағы патриоттық сезімді шалқыта түсетініне сенімдімін, деді К.Сағадиев.

Келесі кезекте ол мазмұнды өмірдің өте көлемді сұхбат ретінде баяндалғанын сұхбат алушының да айтарлықтай шығармашылық табысы деп білуіміз керек екенін атап көрсетті. Осындай пішім айтатын әңгіменің арқауын кеңітіп, мазмұнын тереңдетіп, оқушыға әсер етуін өсіргені айқын сезіледі. Сұхбат алушы белгілі қаламгер, журналист Сауытбек Абдрахмановтың осы сұхбат төңірегіндегі мәселелерге ерекше дайындықпен келгені және қаламгерлік шеберлігінің де жоғары екенін көріп отырмыз. Ретін тауып, қисынды сұрақ қойып, кейбір ойларды түрткілеп отырмасаң, небір керекті дүниелер ой түбінде жатып қалып, өмірдің кейбір күрделі қырлары сөз етілмей қала береді. Елбасының ой түкпірінде жатқан иірімді толғаныстары жарыққа шығып, бұрын айтылмаған көлеңкелі, көмескі жайлар кеңінен көлденең тартылып отыр. Сұхбат осынысымен де қымбат. Елбасының өзі айтқанындай, сұхбат кітабының негізгі арқауы Қазақстанның жаңа тарихының ең бір қиын да жарқын сәттері, яғни ширек ғасырға жуық егемендігіміздің тарихы. Дәлірек айтсақ, жаңа мемлекет құрып, оның ішкі-сыртқы саясатын анықтап, саяси-экономикалық жүйесін жасау жолындағы Президент күресінің тарихы. Туған халқымның әлем кеңістігіндегі лайықты орнын қайтсем табамын деген Елбасының жанкешті еңбегінің шежіресі. Осы мақсатқа бүгінгі күні Президент қол жеткізді, табанды күрес, жанкешті еңбек тамаша жемісін беріп отыр, деді К.Сағадиев.

Одан әрі академик қазақ халқының тарихында заман жүгін абыроймен арқалаған талай толағай тұлғалардың болғанын ауызға алды. Олар да ел үшін, туған халқы үшін еңбегін аямай, терін төккен. Сондықтан да есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, құрметпен аталады. Дегенмен, бұрынғы заман мен қазіргі заман жүгі бірдей емес. Бұрынғы заманда ел басқарғандар өзінің дәстүрлік қоғамын, қалыптасқан шаруашылық жүйесін сақтап, дамытып, оны ілгерілету қамында болды. Онда қазақ өз орнын жақын көршілерінің арасынан, шағын ғана ортадан, өлшеулі кеңістіктен ғана іздеді. Бүгінгідей бүкіл әлем кеңістігіне шығып, екі жүзге жуық әлем елдерінің ортасынан өз орнынды табу оларда болған жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда, біздің халқымыздың да, көшбасшымыздың да мойнына түскен заман талабы өте өктем болды. Қазақы қалпымызды сақтай отырып, ой-сананы жаңғыртып, мемлекет іргесін жаңадан қалап, шаруашылық жүйесін жаңадан жасау арқылы тау көтергендей қиындықпен әлем елдері көшінен қалмау қамын ойладық. Бүгін діттеген мақсатымызға жеттік деп айта аламыз. Бұл –халықтың, оның ішінде Елбасының ерен еңбегінің жемісі, дей келіп, ғалым оның есімін Ұлыбританиядағы Оливер Кромвель, Германиядағы Бисмарк, АҚШ президенті Франклин Рузвельт, Түркия президенті Кемал Ататүрік, Қытай басшысы Дэн Сяопин және басқалар сияқты әлемдік тау тұлғалармен қатар қоятынын жеткізді.

Біз Нұрсұлтан Әбішұлын әлем өркениетінің есігін айқара ашқан басшымыз деп батыл түрде айта аламыз, деген академик сөзінің соңында сұхбаткітаптың өте сәтті шыққанын тағы бір рет атап өтті. Енді оның оқырман қауыммен қауышуына сәттілік тілейік, деді ол.

Осыдан әрі сөз «Казахстанская правда» республикалық газеті» АҚ басқармасының төрағасы Александр Тараковқа берілді. Ол өзінің сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен қызметіне арналған еңбектердің соңғы кездері жиі жарық көріп жатқанын қанағатпен атап өтті. Соның ішінде кеше Мәскеуде тұсауы кесілген Н.Назарбаев жайлы орыстың озық ойлы қайраткерлерінің пікірлері тоқайластырылған «Жасампаз» жинағын ауызға алды. Ал бүгінгі кітаптың маңызы тіпті ерекше, деді ол. Сұхбат кітабында Президент өзінің өмірі мен істерін журналистке ашық сеніммен ақтарып салған. Әңгіме кейде нақты, шағын шеңберде жүзсе, кейде үлкен айдынға шығып, орасан үлкен аумақты қамтып кетеді. Соның ішінде Президент жаһандық проблемалар бойынша да өзінің терең ойларын ортаға салып отырған. Соған сәйкес әңгімедегі проблематиканың экспрессиясы мен динамизмі де өзгеріп отырады. Мемлекет басшысы өткен жылдардағы көптеген қуанышты да өкінішті жайлар туралы ашық айтқан. Сұхбат алушы репортер ғана емес, көптеген тетіктерді анықтай түсуді мақсат еткен бәрінен хабары бар, саясаттың ұңғыл-шұңғылын терең айырған адам ретінде көрініп тұрады. Осының өзі оқырмандарды өзіне тарта түседі. Сұхбаттасушыға бірінші жақтан әңгіме айту ежелден бар әдіс. Бірақ біздің жағдайымызда сұхбат алушының шеберлігінің арқасында автордың құпия қырлары ашыла түскен. Сондықтан да бұл кітапты маңызы жағынан энциклопедиялық еңбек деп атауға болады. Әсіресе, ол – жастарға өте пайдалы. Бұл туралы Нұрсұлтан Әбішұлының өзі де алғысөзде айтып кетіпті.

Сөз Елбасының ежелгі жолдасы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш сыртқы істер министрі болған Төлеутай Сүлейменовке берілгенде, ол бұл кітаптың өте ерекше кітап екенін атап көрсетті. Өйткені, ол Президенттің барлық өмірін, қызметі мен кісілік қырларын өз аузынан тиімді тәсілмен, үлкен шеберлікпен айтқыза білген, деді ол. Осыдан әрі Т.Сүлейменов өзінің Нұрсұлтан Назарбаевты 20 жасынан бері білетінін, сондықтан халық біле бермейтін, бірақ өзара белгілі көптеген жайттардың кітапта жазылғанын көріп отырғанын тілге тиек етті. Мен сол оқиғалардың көбіне араласып, Елбасымен бірге ортасында жүріп, сол оқиғалардың көбіне куә болдым, деді шешен. Одан әрі ол мұндай айрықша кітап біздің елімізде тұңғыш рет шығып отыр деп ойлайтынын жеткізді. Мен бұл кітапты тарихқа енеді деп ойлаймын. Әрине, қиын жылдарды, күрделі оқиғаларды еске алу оңай емес. Мен олардың көбін Президентпен бірге басымнан кештім. 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басындағы қиыншылықтардан елді алып шығуда Н.Назарбаев өзінің келіссөз жүргізудің хас шебері екенін көрсете білді. Мен мұны дипломат, маман ретінде айтып тұрмын. Басында ол Кеңес Одағын экономикалық дағдарыстан құтқарғысы келді. Сол үшін Горбачевпен, Ельцинмен келіссөздер жүргізіп, өзінің сол кездегі ойларын ортаға салды. Осыған көп тер төккенін көзіміз көрді. Ал еліміз Тәуелсіздік алғандағы қиындықтарды еңсеруде Елбасының дарыны ашыла түсті. Әсіресе, дипломаттық қырлары күннен-күнге жетіле берді, дей келіп, оның жас кезінен бітімгершіл болғанын жеткізді. Соның мысалы ретінде Днепродзержинскіде оқып жүргенде жастар арасындағы бір кикілжің үшін Қазақстаннан келгендердің бәрін оқудан шығарып жібермек болғанда жап-жас Нұрсұлтанның ұстаздар мен училище басшыларын ақылға келтіріп, келісім жасатқанын айтты.

Осыдан кейін жиынға модераторлық етіп отырған Махмұт Қасымбеков кітаптың жазылуын ұйымдастырушы, Елбасымен сұхбаттасушы Сауытбек Абдрахмановқа сөз бермес бұрын кітаптың дүниеге қалай келгені жөнінде қысқаша анықтама беріп өтті. Мен – бұл кітаптың барлық 16 тарауының қалай жазылғандығының куәсі болған адаммын. Өйткені, Сауытбек Абдрахманов сұхбаттарды қағаз бетіне түсіргеннен соң Елбасы қабылдауында болғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы оны мұқият оқып, өз қолымен көптеген түзетулер мен толықтырулар енгізіп отырды. Сұхбаттың кейбірі 3-4 сағатқа дейін созылды. Сондықтан негізгі еңбек Елбасының өзінікі екенін білеміз. Біз Президент кітапханасының мұражайына сол қолжазбаларды экспонат ретінде қоятын боламыз, деп ол сөзді Сауытбек Абдрахмановқа берді.

Өзінің сөзін Елбасы еңбегінің тұсаукесер рәсіміне жиналғандар мен жылы пікір айтқандарға ризашылық білдіруден бастаған С.Абдрахманов одан әрі авторлық өмірбаян туралы ой толғады. Әр адам өзінше бір әлем. Ешкім де адамды сол адамның өзінен артық біле алмайды. Сондықтан да Қасым ақын: «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды», деп жырлаған. Осы себепті бүкіл өркениетті әлемде, саяси әдебиетте авторлық өмірбаян берік орнықкан. Әсіресе, кейінгі кезеңдерде ел басқарған тұлғалардың өз өмірбаяндарын жазуы немесе сұхбат түрінде баяндап беруі қалыпты жайға айналды. Бұл арқылы мемлекет тарихында ерекше орны бар басшылардың ғұмырынан халықтың тағылым алуы алдымен көзделеді. Бұрын да айтқанбыз, тағы да айтамыз: Президент туралы сөз Елбасының өзінен бұрын елге керек. Келешегіміз үшін керек. Қадым заманнан қағанын қадірлеп, ханын қасиет тұтқан елдің болашақта да биліктің бағасын білетін, халықтың өзі сайлап, екі тізгін, бір шылбырды қолға берген адамын қалтқысыз құрметтеу, ел басшысына тақ тұру дәстүрі орныға түсуі үшін керек. Басшысына тақ тұратын ел – басына бақ тұратын ел. Нұрсұлтан Назарбаев – халқын тақ тұрғызған, халқының басына бақ тұрғызған басшы, деді С.Абдрахманов.

Содан кейін ол Елбасының бала күнінен бүгінгі дана күніне дейінгі өмірін әңгімелеуі біздің еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, бүгінгі биігіне көтерілуі, жалпы осындай мемлекет болып қалыптасуы ең алдымен Нұрсұлтан Назарбаевтың адамдық бітіміне, кісілік келбетіне, қайраткерлік қызметіне тікелей байланысты екеніне кәміл сендіреді, деді. Нұрсұлтан Әбішұлының бүкіл өмір жолы – өнеге мектебі. Халық қайнарына қанудың, ұлттың жанын танудың өнегесі. Ата-ананы ардақтаудың, ұстаздарды, достарды қастерлеудің өнегесі. Қаршадайынан ауыр жұмыспен шындалған еңбекқорлықтың өнегесі. Алдан шыққан, кітап иесінің өз сөзімен айтқанда, заман қойған, қоғам қойған, адам қойған кедергілерді еңсерудің өнегесі. Қайтпас қайсар қажырлылықтың өнегесі. Сын сағатта сыр бермейтін сарабдалдықтың, салқын сабырдың өнегесі. Елінің бағы жолында тарихтың қандай тәуекелінен де тайынбайтын табандылықтың өнегесі. Алыстан ойлаудың, болашақты болжайтын кемеңгерліктің өнегесі.

Халықтың тарихи тағдырын бір адам айқындай алатынына біз Назарбаев феномені арқылы анық көз жеткіземіз, деп жалғады сөзін Сауытбек Абдрахманұлы. Нұрсұлтан Әбішұлымен сұхбат құрған сағаттар – менің адам ретіндегі де, журналист ретіндегі де бақытты сәттерім. Елбасының қайран қаларлықтай жады, ойлау жүйесінің беріктігі, ойын анық та қанық етіп жеткізетін әрі қарапайым, әрі құнарлы тілі, ауызша айтқан әңгімелерін қағазға түсіріп бергеннен кейін қолжазбаның үстінен қарағандағы талай кәсіби қаламгерлер қызығатындай редакциялау мәнері мен үшін үлкен өмір мектебі болды. Мұның өзі «Талантты адам – қай істе де талантты» деген қағиданы тағы да дәлелдей түседі.

Елбасы кітабы бізді ұлттық мақтаныш сезіміне бөлейді. Елбасымыз кезінде: «Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады», деген еді. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» кітабы бізге басымыздағы бақыттың бағасын білуді, тәуелсіздікті қадірлеуді, қастерлеуді, оны күн сайын, ай сайын, жыл сайын нығайтып отыруды үйретеді. Жаңа кітаптың басты құндылығы да осында, деді С.Абдрахманов.

Тұсаукесер рәсімі бойында «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрі музыкалық қолдау білдіріп, әншілер Ибрагим Ескендір мен Жанат Шыбықтаев өнер көрсетіп отырды. Ал белгілі айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың Елбасының жаңа кітабына айтылған арнауының үзіндісі төмендегідей болды:

Тербетіп ару қала Астананы,
Ақынның шашу болсын дастан әні.
Бүгінгі кітабыңыз құтты болсын,
Еңселі Елбасымыз асқаралы.
Бұл кітап армандарға жетелейді,
Жалындаған жастарды, жас баланы.
Жарқырап халқымыздың бағы жанды,
Нұрағам нұрлы жолға бастағалы.
Тәуелсіз Қазақстанды танып-білу,
Президент тұлғасынан басталады...
Иә, дәл солай!

Суреттерді түсірген Ерлан ОМАРОВ.

● *Әлем және Қазақстан*

Соңғы жылдары Украина дағдарысы газеттердің бірінші беті мен әлемдік БАҚ-тардың жаңалықтар таспаларынан түсер емес. Аталған жанжалды бейбіт реттеудің жолдарын іздестіру белсенді жалғасуда. Әлемдік қоғамдастық 2014 жылдың тамызындағы Минск кездесуінің, сондай-ақ, 2015 жылдың ақпанында Минскіде өткен «норманд пішіміндегі» саммиттің даму барысын мұқият бақылап отырды. Минск-2 әуел баста Астанада жоспарланғанын көпшілік біледі, бірақ Украина үдерісінде кенеттен Қазақстан астанасы қалай пайда болғаны туралы, тіпті, түйсіне де алмаулары ықтимал? Шынтуайтында, Минск-1 және Минск-2, Украина дағдарысын реттеудегі басқа да көптеген ілгерілеушіліктер Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бітімгерлік күш-жігер жұмсауының нәтижесінде жүзеге асты.

«Бітімгер» кітабының авторы мемлекет қайраткері, дипломат, Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі Нұрлан ОНЖАНОВ біздің Мемлекетіміз басшысының Украинаның оңтүстік-шығысындағы бітімге жетелеген белсенді қызметінің куәгері болған еді. Кітапта Майдандағы 2015 жылдың ақпан айына дейінгі оқиғалар қамтылған. Ал газеттегі бүгінгі жарияланымда «Бітімгер» кітабынан үзінді беріліп отыр.



ТЫҒЫРЫҚТАН ЖОЛ ТАПҚАН

Нұрлан ОНЖАНОВ.

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Украина дағдарысы әуел бастан өңірлік жанжал шеңберінен шығып, XXI ғасырдағы ең күрделі сын-қатерлердің біріне айналды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Украинадағы жанжал халықаралық қоғамдастықтың тіршілік тынысының әлеуметтік және саяси қырларын қамти отырып, экономика мен қаржының шегінен шыққан жаһандық дағдарыстың салдары болып табылатынын талай мәрте атап көрсеткен.

Шын мәнінде, Украина дағдарысы – бұл осы елдің оңтүстік-шығысындағы егесу ғана емес, бұл – кешенді түрде шешуді талап ететін саяси, экономикалық, саудасаттық, энергетикалық, мәдени, ұлтаралық және басқа мәселелер мен проблемалардың тұтас бір шоғыры. Мұнда, бірінші кезекте, тек Украинаның өзіндегі ғана емес, сондай-ақ, оның сыртындағы, әсіресе, «Ресей – Украина – Еуропалық одақ» пішіміндегі өзара сенім мен түсіністік мәселесі бой көрсетті.

1. «Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін және нарығын басқару жүйелерін субсидиялау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы №202 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013., №18, 315-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №475 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан

(Соңы. Басы 13-бетте).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №472 Астана, Үкімет Үйі

«Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №69-70, 636-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларында:

«2. Жүргізушілердің жалпы міндеттері» деген бөлімде:

1-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы алып тасталсын;

4-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;»;

6) тармақша алып тасталсын;

«12. Аялдау және тоқтап тұру» деген бөлімнің 5-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

«21. Жүргізіп үйрену» деген бөлімнің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Үйретушінің өзімен бірге тиісті біліктілік куәлігі, ол үйретуді жүргізетін сол саналтағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігі, ал үйренушінің – жеке басын куәландыратын құжаты және көлік құралын басқаруға қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болады.»;

«22. Жолаушыларды тасымалдау» деген бөлімнің 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жүргізуші жолаушыларды отырғызуды және түсіруді осы Қағидалардың 12-бөлімінде белгіленген көлік құралдарын тоқтатуға тыйым салынбаған жерлерде көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана жүзеге асыруға, ал жүруді есіктер жабылғанда бастауға және оларды толық тоқтағанға дейін ашпауға міндетті.

Маршруттық көлік құралының жүргізушісі жолаушыларды отырғызуды және түсіруді белгіленген аялдама пункттерінде ғана жүзеге асырады.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерде:

5-тармақтың бірінші бөлігінің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

14-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап- тексеруден өтпеген;»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген негізгі ережелерде:

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы прокурорлар департаменті.»;

ескертпенің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік күзет қызметінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ішкі істер органдарының жедел қызметтерінің, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Арнайы прокурорлар департаментінің көлік құралдарында арнайы түсті-графикалық боялуар, таным белгілері мен жазулары болмауы да мүмкін.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы

2013 жылғы 10 шілде №268 Астана қаласы

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы

(Жалғасы. Басы 181, 187, 191, 196, 206, 216, 232, 254, 2015 ж. 5, 8,33, 38, 62,64,67,74, 89, 91, 98, 100, 103, 105, 113, 115, 118-нөмірлерде)

ӘЗП 3.1	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек: -** негізгі ұғымдарды: - ұлыдар, конфуциялық, даосизм; - үнді мәдениеті мен оның негізгі табыстары, ерекшеліктерін; - ұлыдар: ислам; қырғыш; Мұхаммед; Құран; Алла; МекКе; - христиан ілімі мен оның негізгі принциптері; - Франция мәдениеті; - көшпенділердің өмір салты мен жүйесі туралы; - қазақтың орта ғасырлық мәдениетіне түрік және араб мәдениеттерінің ықпалы туралы; - көшпенділердің өмір сүру салты мен құндылық жүйелері жөнінде; - ортағасырлар кезеңінде қазақ этносының мәдени негізі туралы білімін қалыптастыру; **істеуі керек:** - ұлт мәдениетінің ерекшеліктерін ашуын; - мәдениеттанудың негізгі түсініктерін еркін қолдануын; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениеттерінің ерешелігін, оның әлем мәдениетіндегі орнын көрсетуін игеруі керек.	**Мәдениеттану:** Мәдениеттану және оның қоғам өміріндегі ролі. Мәдениеті зерттеудегі сипаттың көпқырлылығы. Мәдениет және цивилизация; мәдениеттің қалыптасуы. Мәдениеттің әртүрлі типтері. Батыс еуропа мәдениеті және оның қазіргі заманғы дүниенің дамуына әсері. Африка мәдениетінің ерекшелігі расизм мәселесі. Көшпенділер мәдениетінің пайда болуы және ерекшелігі. Орта ғасыр кезеңіндегі Қазақстан мәдениеті; XVII-XIX ғасырдағы қазақтардың мәдени дәстүрі; Қазақстанның қазіргі мәдениеті.	БҚ 4 АҚ 5 БҚ 7 АҚ 5 БҚ 5
ӘЗП 3.2	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - адам өмірі мұддесі, дүние жүзінің философиялық, ғылыми және діни көріністерін; - ғылымның ролі мен ғылымды тану, оның құрылымы, формалары мен әдістері, әлеуметтік және этникалық проблемалары туралы түсінікті; **істеуі керек:** - биологиялық және әлеуметтік, дене және рухани принциптеріне негізделген адам мінезін, оның санасының маңызын, саналы және санасыз мінезді анықтауын; - қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынастың өнегелі қалыптарын.	**Философия негіздері:** Философия пәні әлемдегі философиялық ойлардың негізгі кезеңдері. Адам табиғаты мен оның тіршілік мәні; адам және Құдай; адам және қарыш; адам, қоғам. Цивилизация, мәдениет және адамның ерікпілді мен жауапкершілігі. Адам тану мен қызметі; ғылым және оның ролі; адам-зат алдындағы басты проблемалар.	БҚ 4 БҚ 5 БҚ 4
ӘЗП 3.3	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - қоғам даму заңдылықтарын түсінуде әлеуметтік тәсілі туралы; - әлеуметтік құрылым, әлеуметтік тарату, әлеуметтік қарым-қатынастар туралы; - жекелендіруді қоғам мүлкіне айналдыру процесі ерекшеліктерін, оның реттеу нысандарын; - халықаралық саяси жағдай, Қазақстандағы саяси процестер, қазіргі дүние жүзіндегі оның жағдайлары туралы түсінігін; **істеуі керек:** - әлеуметтік қозғалысты және басқа әлеуметтік өзгерістер мен даму фАҚторларын ажыратуды; - саяси жүйелер мен саяси режимдер туралы түсінік құруға; - билік маңызын, саясат субъектісін, саяси қатынастар мен процестерді (Қазақстанда және жалпы дүние жүзінде) айқындауды.	**Саясаттану және әлеуметтану негіздері:** Әлеуметтану пәнінің: қоғам әлеуметтік мәдени жүйе. Әлеуметтік білім; әлеуметтік және этноұлттық қатынасы. Әлеуметтік процестер: әлеуметтік институттар мен ұйымдар. Жеке адам: оның әлеуметтік ролі мен әлеуметтік мінезі; саясаттану пәні. саяси билік және өкімшілік қатынас. Саясаттағы әлеуметтік-экономикалық процестер.	БҚ 7 АҚ 4 АҚ 5 АҚ 3
ӘЗП 3.4	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шет елдегі экономикалық жағдайларды; - салық, ақша-несие туралы әлеуметтік және инвестициялық саясатта МАҚро және микроэкономикалар негізін; **істеуі керек:** - өзінің кәсіби қызметіне бейімделу үшін қажетті экономикалық ақпараттарды табуға және қолдана білуді.	**Экономика негіздері:** Негізгі түсініктері, қызметтері, маңызды принциптері. Меншіктілік түрлері мен формалары, меншіктілікті басқару. Жоспарлар түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарларды экономикалық негіздеу әдістері мен болжамдарды дайындау. Бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; нарықтық жағдайды талдау; нарық инфрақұрылымдары.	БҚ 4 БҚ 5 АҚ 5
ӘЗП 3.5	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - адам мен адамзат құқығы мен еркіндігі, оларды жүзеге асыру механизмдерін; - кәсіби қызмет саласында құқықтық және қылықты этикалық қалыптарды; **істеуі керек:** - нормативті-құқықтық құжаттарды пайдалануды; - маман кәсіби қызметін реттеуге дағдылануды.	**Құқық негіздері:** Құқық, түсінік, жүйе, материалдар, Қазақстан Республикасының Конституциясы-заңға сүйенген жүйелер түйіні. Жалпы декларация адам құқығы, жеке адам, құқық, құқықты мемлекет, заңдық жауапкершілік және оның түрлері. Құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.	БҚ 4 АҚ 5 АҚ 4
ЖКП 04	**Жалпы кәсіптік пәндер**		
ЖКП 4.1	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - аралық техникалық пәндерді, сондай-ақ арнайы курстарды оқуға қажетті математикадан білім көлемін; - анықтамалықтармен өз бетінше жұмыс істеуді; **істеуі керек:** - болашақ мамандығына байланысты қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде үйренген математикалық әдістер мен математикалық тапсырмаларды шешуді; - математикалық есептерді қолданбалы нәтижеге жеткізіп, шешуді (формулалар, сандар, сапалы шығатын графика және т.б.) - қолданбалы мәселелерді математикалық жағынан зерттеу; - мамандыққа байланысты әдебиеттердегі математикалық терминдерді өз бетінше шешуді; - тәжірибелік нұсқауды алу мақсатында қажетті есептеу әдістері мен тәсілдерді таңдау және қолдануды (компьютерлер, анықтамалықтар, кестелер).	**Жоғары және қолданбалы математика негіздері:** Сызықтық алгебра элементтері. Екінші және үшінші қатар айқындауыштары, олардың қасиеттері. Айқындауыштарды жол бойынша қойып есептеу. n-ретті айқындауыш туралы ұғым. Сызықтық теңдеу жүйелері. n-сызықтық теңдеуді Крамер ережесі бойынша n белгісіз арқылы шешу. Матрицалар. Кері матрица ұғымы. Сызықтық теңдеу жүйесімен матрицалық шешу тәсілі. Айқын функциялар, айқын емес функциялар, берілген параметрлік функциялары дифференциалдау. Жоғары ретті дифференциалдар. Функцияны зерттеу, функция экстремумдары. Тригонометриялық функциялар. Айқындалған интегралдардың қасиеті және анықтау. Векторлы алгебра элементтері. Векторлар, сызықтық векторлар арасындағы операция.	БҚ 3 БҚ 5 БҚ 7 БҚ 5 АҚ 3
ЖКП 4.2	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - механика мен гидроаэромеханиканың негізгі заңдарын; - термодинамика, динамика заңдарын; - электр тогының жұмысын сипаттайтын теңделер мен формулаларды; - заттың әртүрлі жағдайдағы қасиеттерінің өзгеруін; - тербеліс түрлерінің; - молекулалық-кинетикалық теорияның ережелерін; - жылу қозғалтқыштардың қимыл принциптері мен түрін; - ПӘК-ін; - электромагнитті тербеліс заңын; **істеуі керек:** - айналмалы қозғалыс кинематикасына есеп шығаруды; - динамика заңдарын, импульсты сақтау заңын қолдануды; - гармониялық тербеліс сипаттамасын есептеуді; - термодинамикалық параметрлерді есептеуді, газ заңдарын қолдануды; - электрлік сипаттамаларды есептеуді; - кедергілерді анықтауды; - өлшеу құралдарымен жұмыс істеуді; - ток күшін, қысымды, кедергіні есептеуді.	**Физика:** Әлемдегі қоршаған ортаға физикалық көзқарас. Гидроаэромеханика элементтері. Малекулярлық физика және термодинамика негіздері.Малекулярлы-кинетикалық теория. Заттың өзгеріс процесі және олардың сипаттамасы. ПӘК. Жылулық қозғалтқыштар. Бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс, және оның тендеуі мен графигі. Қозғалыс қосындысы. Күш, масса, үдеу. Күш қосындысы. Динамика заңдары. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы. Серпімділік күші. Үйкеліс күші. Дене салмағы. Салмақсыздық. Статика. Жұмыс. Қуат. Энергияның сақталу заңы. Гармониялық тербелістер және оның түрлері. Толқындардың қасиеті және оның түрлері. Денелердің электризациясы. Зарядтардың өзара әсерлесуі. Магнит күшінің жұмысы. Өздік индукция. Магнит өрісінің энергиясы. Электромагниттік толқындар. Радиоқабылдағыштар. Сәуле-лендіру. Спектрлар. Спектрлік анализ.	БҚ 4 БҚ 5 БҚ 2 БҚ 6 БҚ 4 АҚ 3

ЖКП 4.3	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - түрлі ақпаратты өңдеудің, сақтаудың теориялық негізін; - Word мәтіндік редАҚторын, Excel электрондық кестелерді, Power Point графикалық бағдарламасын және оның тәжірибелік қосымшаларын; - қазіргі заманғы қоғамдағы ақпараттың ролі, болашақ кәсіби қызметі мен ғылым мен техниканың дамуындағы ақпараттың ролі туралы қалыптасқан ұғымдарды; **істеуі керек:** Word, Excel және Power Point-та; **жұмыс істеуге қабілеті:** - мәтіндік ақпаратпен (құжат жасау, оның редАҚциялау және форматтау, мәтінге кестелік мәліметтерді диаграммаларды, суреттерді қосу, құжатты сақтау және оны шығару); - электрондық кестелермен (кесте жасау, кестелік мәндерді өңдеу, формулалармен жұмыс жасау, кестенің мәліметтері бойынша диаграммалар құру, оларды шығару); - презентациялар жасау.	**Қолданбалы информатика:** Ақпараттық үрдіс туралы түсінік және оның құрылымы. Бағдарламалар тілі: бағдарлама жасау технологиясы, компьютерлік графика.	БҚ 3 БҚ 4
ЖКП 4.4	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - сызба геометрия негіздерін; - сызықтық мәнік: /ГОСТ 2.303-68/; - беттің негізгі өлшемінің /ГОСТ 2.301-68/; - машинажасау сызбаларын орындаудағы қолданылатын масштабы /ГОСТ 2.303-68/; - эскиз бен сызбаны; - конструкторлық құжаттардың түрлерін; - жиналмалы сызбаның мәнін, ерекшелігін; - жиналмалы сызбаны оқу реті; -жиналмалы сызбаны бөліктеуді; **істеуі керек:** - сызбаны орындау тәжірибесін; - сызбаны толтыруды, барлық шартты белгілерді, өлшемдерді, өлшем сызықтарын салып, сақтай отырып; - ерекшеліктерді толтыру; - жылжымалы сызбаларды бөліктеуді жүргізу; - жылжымалы сызбаларды дұрыс оқу; - қосындыларды дұрыс белгілеу, екінші қатардағы қисықты белгілеу; - арнайы қолданбалы бағдарламаларда компьютерде техникалық сызбаларды орындау.	**Техникалық сызба және инженерлік графика:** Проециялау әдістері. Сызбада нүкте, түзу, жазықтық және бет тапсырмалары. Нүкте, түзу, жазықтық және беттегі метрлік және позициялы тапсырмалар. Сызбаны қайта құру тәсілдері. Көпқырлы бет. Қисық сызықты бет. Айналыс беті. Түзу және жазықтық беттердің қиып өтуі. ГОСТ ЕСКД сызбаны дайындаудың негізгі ережелері. Түрлері, кесу, тілік. Ажырататын және ажыратпайтын қосылыс. Конструкторлық құжаттама түрлері мен оны өңдеу сатысы. Арнайы қолданбалы бағдарламаларда компьютерде техникалық сызбаларды орындау.	КҚ 1 БҚ 4
ЖКП 4.5	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - тұрақты және ауыспалы электр ток тізбектеріндегі негізгі қатысымен және физикалық процесстерін; - электр өрісі сипаттамаларын, олардың физикалық мәнін; - электр тізбегіндегі жүйелі, қатарлас, аралас қосылыстар заңдарын; - электр өлшеу принциптерін; - электромагнетизм негізін; - бір фазалы және үш фазалы электр тізбегі,тұрақты және ауыспалы тоқтың трансформаторлары мен электр машиналары туралы ұғымды; - электр энергиясын беру және тарату принциптері; - электр жабдықтауды; **істеуі керек:** - электр өрісі сипаттамасын есептеу; - арнаулы қосылған бір кәзді электр тізбегін есептеуді жүргізу; - электр сұлбаларындағы электр тізбегінің негізгі элементтерін анықтау; - электр тізбегі режимдерін анықтау; - электр тізбегін есептеу; - мемлекеттік стандартқа сәйкес шартты белгілердің көмегімен типтердің әртүрлі электр сұлбаларын орындау; - аспаптардың орналастыру сұлбаларын оқу;	**Электротехника негіздері:** Электр энергиясы, оның қасиеті және қолдануы. Өндірістік процесторді автоматтандыру ісінде электрификацияның ролі. Тұрақты және ауыспалы тоқтың электр тізбектері;электромагнетизм;электр тізбегі, үш фазалы тізбек; трансформаторлар; электр машиналары. Электроэнергетика, электротехника, электроника қазіргі күйі және даму болашағы. Электр өрісінің негізгі сипаттамалары. Конденцаторлар.Электр тогы және оның әртүрлілігі.Тоқтың бағыты,шамасы, жазықтығы.Электр өткізгіштік және өткізгіштер кедергісі. Ом заңы. Электр тізбегінің негізгі элементтері:электр энергия көздері және қабылдағышы,олардың қуаты мен ПӘК-і; Электр тізбегінің жұмыс режимдері:қалыпты,бос жүріс, туйықталу. Электр тізбегін есептеу негізі (косудың нақтылық сұлбасы, орнын басу сұлбасы): Мемлекеттік стандартқа сәйкес электр сұлбаларындағы шартты белгілер; сұлба бөлімі; тармақ, торап,контур. Күрделі электр тізбегін есептеу туралы түсінік.	БҚ 5 БҚ 4 БҚ 3 БҚ 2 БҚ 3 БҚ 4 БҚ 5 БҚ 2 КҚ 6
ЖКП 4.6	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - қазіргі заманғы негізгі ғылыми концепцияларды, ұғымдар мен идеяларды және өуе тасымалының жоғарғы экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін азаматтық авиацияның өуе кемелерінің тұрақтылығы мен басқарылуын; - ауаның негізгі өлшемдері мен физикалық қасиеттерін; - ұшақтың құрылымдық өуейлақтардың ерекшеліктерін; - ұшудың негізгі этаптарында ұшақтың үш сипаттамаларын; - центрлеуге ықпал ететін фАҚторларды, ұшақтың тепе-теңдігін, тұрақтылығы мен басқарылуын; - ұшудың ерекше жағдайларындағы үшу ерекшеліктерін; **істеуі керек:** - ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұшақтың прАҚтикалық аэродинамикасы бойынша білімнің прАҚтикалық жұмысын қолдану; - прАҚтикалық міндеттерді шешуде өуе кемесінің ұшу техникалық сипаттамаларын зерттеу және талдау әдістерін қолдану; - ҰҚК-ны және сытқы ортаның әртүрлі жағдайларындағы ұшақтың қону сипаттамаларын анықтау.	**Аэродинамика:** Аэродинамиканың негізгі заңдары. Аэродинамикалық күштер. Қанаттың аэродинамикасы: геометриялық сипаттамалар, қанаттың геометриялық және аэродромның қисығы; профиль бойынша қысымды реттеу (тарату). Қанаттың ұшы.Ұшақтың аэродинамикасы. Жылдымдық аэродинамикасы: негізгі тепе-теңдігі, дыбыс жылдамдығы. Өуе бұрамасының аэролромдық күші. Бұраманың ПӘК-і. Өуе бұрамасының прАҚтикалық қолдануы. Ұшақтың көлденең ұшуы: ұшақа әсер ететін күш сұлбасы. Биіктік жиынтығы. Ұшақтың ұшуы,вираж, ұшаққа әсер ететін күш сұлбасы. Ұшақты кіндіктеу: ауырлық орталығы, ұшақты кіндіктеуді есептеу.	БҚ 5 БҚ 4 БҚ 7 АҚ 5 БҚ 6
ЖКП 4.7	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - радиобайланыс принциптерін; - радиотехникалық белгілер сипаттамасы және олардың спекторын; - электронды аспаптардың және сандық цифрлық схемотехниканың жұмыс физикасы: импульстік құрылғы,қоректену және ақпаратты бейнелеу құрылғылары; - жартылай өткізгіштік аспаптарды; - фотоэлектрлік аспаптарды,электрондық түзетіш,электрондық күшейтіш,электрондық генераторлар және өлшеуіш аспаптарды; **істеуі керек:** - аспаптардың типін және сипаттамаларын ажырату; - прАҚтикалық ізденіс аспаптарын әртүрлі типтерін қолдану; - радио және электрондық аспаптарды орналастыру сұлбаларын оқу; - көрсеткіштерді ақаудың пайда болу жағынан аспаптар жұмысын талдау; - істен шығу және жөнделмейтін себептерді талдау;	**Радиотехника және радиоэлектроника негіздері:** Радиобайланыс принциптері, радиотехникалық белгілер және олардың спекторлары. Сызықты емес және параметрлік тізбектер. Электрондық аспаптар, түзетіштер, күшейткіштер, генераторлар. Қабылдау және беру құрылғылары; цифрлық құрылғы элементтері; антеннаалар және радиотолқынның таралуы.	БҚ 3 АҚ 3
ЖКП 4.8	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - авиациялық байланыстың ерекшеліктері; - жердегі және жылжымалы байланыстар құрама элементтерін; - байланыс, радиолокация және радионавигацияның радиотехникалық жүйелерін құру принципі мен жұмыс сипаттамаларын; - өуе қозғалысына қызмет көрсетудің автоматты жүйесін қолдану принципі мен құрылымын; - байланыстың элементтік базасын; - радиоэлектрондық жабдықтарын қоректендіру блогының ерекшеліктерін (ұшақ ұшқышында); - өуе қозғалысына қызмет көрсету болашақ жүйесінің ерекшелігі; **істеуі керек:** - авиациялық байланыстың әртүрлі жабдықтарын айыру; - өуе қозғалысына қызмет көрсетудің шығарылмалы жабдықтарды қолдану; - радиолокаторлық станция блок-схеманы оқу; - әртүрлі режимде РЛБ қолдану.	**Өуе қозғалысына қызмет көрсетудің радиотехникалық жүйелері:** Жалпы мәліметтер; байланыс теориясының элементтері, авиациялық байланысты ұйымдастыру, (өуе байланысының) жылжымалы құралы; Байланыстың спутниктік жүйелері. Радионавигацияның физикалық негізі. Сымды радиостанция, қондыңы тоғруылдау, бұрыш өлшеніш-қашықтық өлшеніш және құрал сайман жүйелері. Бірінші және екінші радиолАҚациялық станциялар,ақпаратты бейнелеужүйелері. Ұшудың радиотехникалық қамсыздандыруын ұйымдастыру. Өуе қозғалысына қызмет көрсетудің автоматтандыру жүйелері. Тағайындау, құрылым, өуе қозғалысына көрсетудің автоматты, өуе айлақтық және трассалық жүйелерді құру және қолдану принциптері. Өуе қозғалысына қызмет көрсетудің болашақ жүйелері.	КҚ 1 БҚ 5 БҚ 6
ЖКП 4.9	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - көлік кәсіпорнындағы экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, олардың өзара байланыстарын; **істеуі керек:** - экономикалық фАҚторлардың әсерін жүйелеуді, модельдеуді, анықтауды, жеткен нәтижелерді бағалауды, өндіріс тиімділігін арттыру кәздерін табу; **игеру керек:** - ұйымның құрылу әсістерін, шешімдерді қабылдауды; өлеуметтік-нарықтық жағдайларда экономика дамуының жалпы заңдылығын.	**Өндіріс экономикасы:** Өуе көлігі экономикасының ерекшеліктері және оның өнімдері; еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау және қалыптастыру; еңбек өнімділігі, оны ешшу және арттыру жолдары; мекемені ұйымдастыру, жоспарлау және қалыптастыру; қаржы қызметін жоспарлау. Салық жүйесі, мекеменің қоры жаңа техника мен технологиялар енгізу, өнімнің жаңа түрлерін және қызметін меңгеру, кәсіпорынның есеп және техникалық құжаттамалары, патенттеу негіздері. Өндірістік қаржылық қызметтің есебі және талдау; маркетинг және оның қызметтері; тарифтік саясат, кәсіпорынды басқару; менеджмент негіздері; басқарудың әдістері мақсаттары, принциптері, қызметтері. Басқарудың психологиялық-педагогикалық негіздері; өндірістік қызметтің мотивациясы және ынталандырылуы, бақылауды ұйымдастыру; типтері, басқару стилі.	БҚ 3 БҚ 7 АҚ 5
ЖКП 4.10	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - радио- техникалық тізбектер мен белгілердің түрлерін; - радиоберуші және радиоқабылдаушы қондырғының құрамы мен жұмыс принципін; ЖТЖ антенді-фидерлік қондырғының жұмыс принципін; дағдылар: **істеуі керек:** - байланыс радиоаппараты жұмысын талдау; ұшақ жүргізу , соқтығысқан алдын алу аппараты; - ӘК РТЖ ақаулы анықтау.	**Өуе кемелерінің радиотехникалық жүйелері:** Әртүрлі типті өуе кемелерінің радиожабды ғынның құрылымы, жұмыс істеу және техникалық пайдалану принциптері. ӘК РТЖ құрамы: байланыс радиоаппараты; ұшақ жүргізу, белсенді жауап беру және тану, Соқтығыстың алдын алу аппараты.	БҚ 5 БҚ 2
ЖКП 4.11	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - барлық жердегі және ұшу қызметінің құрамын, қызметін және жұмыс тәртібін; - ұшу жұмысын өткізу тәртібін; - өуе кемелерінің пайдалану ерекшеліктерін; - ұшуды дайындау кезеңдері мен орындауды; - әртүрлі типті өуе кемелерінің ұшу сипаттамалары мен пайдалану тәртібін; - ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтерінің өзара әрекет ретін; - қамтамасыз ету қызметтерінің арасында қызметтерді белуді; **істеуі керек:** - ұшу қауіпсіздігін, тұрақтылығын және экономикалық өнімділігін қамтамасыз ету жердегі және ұшу қызметінің жұмысын бақылау, талдау жасау; - ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтері арасындағы міндеттерді белу өнімділігіне талдау жасау; - ұшуды қамтамасыз ету қызметіне басшылық жасау	**Ұшу және жердегі қызметтердің жұмысын ұйымдастыру:** Өуе кемелері туралы жалпы мәліметтер. Пайдалану шектері. Ұшуды дайындау және орындау. Ұшу сипаттамалары. Ұшақ жүйелерінің пайдалану. Ұшу және жердегі қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын негізі талаптар. Ұшу жұмысын жоспарлау, ұшу құрамының кәсіби дайындылығы, экипаждың алдын-ала және ұшу алдындағы дайындығы; ұшу құрамының жұмысын тексеру. Ұшуды орындауды тексеру және ұшу жұмысын талдау; ұшуды аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін қызметін жұмысын ұйымдастыру, ұшуды медициналық қамтамасыз ету, инженерлік- авиациялық және өуейлақтық қамтамасыз ету, электр жарық техникасы мен радиотехникалық қамтамасыз ету қызметтері, өуе тасымалы ұйымдастыру қызметі. Ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтерінің өзара байланысы, олардың қызметтерін бөлу.	БҚ 3 БҚ 4 БҚ 5 БҚ 4
ЖКП 4.12	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы: **білуі керек:** - өуеайлақтарды энергиямен жабдықтау жұмысының принциптері мен құрылымын; - өуе қозғалысына қызмет ететін электр жабдықтары құрылымының сипатын; - азаматтық авиацияда қолданылатын жарық техникалық жүйесінің ерекшеліктерін; - электр-жарық техникалық жабдықтар жұмысын қамтамасыз ету үшін өуеайлақтар мен жердегі қызметтің өзара әрекеттесу құрылымдарын; **істеуі керек:** - штаттық жағдайда және ерекше жағдайда өуеаландарды электр жарық техникалармен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру; - өуеаландарды электр жарық техникамен қамтамасыз ету жұмысын бақылау және талдау.	**Өуеайлақтың электр-жарық техникалық жабдықтары:** Өуежайлардың энергиямен қамтамасыз ету жүйесі, трансформаторлық подстанция лар, дизель-генераторлық қондырғылар мен автоматты жүйелер. Жарық белгі беру жүйелері, олардың түрлері, қызметі, өуе қозғалысын басқару кезінде оларды бақылау және басқару. Ұшу кезінде өуе аландарды электр жарықпен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру. Азаматтық авиацияда қолданылатын жарық техникалық жүйелері	БҚ 2 БҚ 3 БҚ 5 БҚ 4
ЖКП 4.13	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - авиациялық аспаптардың өзара әрекеттері мен міндетін, кешенін, орналастыру және жұмыс принципін; өуе кемесінің навигация және басқару жүйесін, олардың жұмыс істеу, пайдалану сипаттамаларының ерекшеліктерін; - жоғары-жылдамдықты параметрлердің анықтау құралының құрылымы мен жұмыс принципін, өуе кемесінің кеңістік жағдайы мен координатын; - ұшақ жүйесі мен күштік қондырғыны бақылау аспаптарының жұмыс тәртібін, ұшу және сөйлеу ақпараттарын тіркеу құралдарын; **істеуі керек:** - өуе кемесінің аспаптық жабдықтардың техникалық пайдалану ережесін қолдану; - ұшудың аспаптық жабдықтарды мен координатын; - ұшақ жүйесі мен күштік қондырғыны бақылау аспаптарының ұшу тәртібін, ұшу және сөйлеу ақпараттарын тіркеу құралдарын; **істеуі керек:** - өуе кемесінің аспаптық жабдықтардың техникалық пайдалану ережесін қолдану; - ұшудың аспаптық жабдықтарды мен координатын; - ұшақ жүйесі мен күштік қондырғыны бақылау аспаптарының ұшу тәртібін, ұшу және сөйлеу ақпараттарын тіркеу құралдарын; **істеуі керек:** - өуе кемесінің аспаптық жабдықтарды техникалық пайдалануын ережесі. Ұшу кауіпсіздігі мен ұшудың экономикалық тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі өуе кемесін аспаптық жабдықтың жұмысқа ықпалы.	БҚ 3 БҚ 6 БҚ 5 БҚ 3 БҚ 2

ЖКП 4.14	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - ұшақ жасаудың тарихын, - қазіргі заманғы және болашақтағы ҰА техникалық сипаттамалары; - ҰА құрылымын және планердің агрегаттарынын жұмыс принциптері; - пайдалану объектісі сияқты ҰА жүйесі мен агрегаттардың жұмыс істеу қабілетінің күйін бағалау әдісін; - АТ дамуның негізгі бағыттары туралы ұғымын. **істеуі керек:** - жұмыс принциптерінде алған біл

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы

2013 жылғы 20 қыркүйек №4-2/435 Астана қаласы

«2013 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша нарықтық бағамен нақты сатып алынған элиталық тұқымның көлемі үшін квоталарды, 2013 жылға арналған әр облысқа отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арзандатылған бағамен жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдары мен көшеттердің нақты сатқан көлемі үшін квоталарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 13 мамырдағы № 4-1/219 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 304 қаулысын іске асыру мақсатында **бұйырамын:**

1. «2013 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша нарықтық бағамен нақты сатып алынған элиталық тұқымның көлемі үшін квоталарды, 2013 жылға арналған әр облысқа отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арзандатылған бағамен жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдары мен көшеттердің нақты сатқан көлемі үшін квоталарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 13 мамырдағы № 4-1/219 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8487 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Егіншілік департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министрдің м а М.ӘМІРИЯЕВ.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 4-2/435 бұйрығына 1-қосымша

2013 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша нарықтық бағамен нақты сатып алынған элиталық тұқымның көлемі үшін квоталар

тонна

Реттік №	Облыстардың атауы	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері											
		дәнді және дәнді бұршақ дақылдар											
		барлығы	оның ішінде:										
			жұмсақ бидай	қатты бидай	қара бидай	жемдік арпа	сыра қайнатуға арналған арпа	сұлы	Тары	қарақұмық	асбұршақ	ноқат	қытай-бұршақ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Ақмола	19224,73	16774,73	800,00		300,00	1000,00			100,00			
2	Ақтөбе												
3	Алматы	1785,94	800,00			17,94	130,28						110,50
4	Шығыс Қазақстан	2764,12	1463,12		190,00	450,00		65,00		166,00	210,00		
5	Жамбыл	1267,25	1150,00										3,00
6	Батыс Қазақстан	367,00	305,00			62,00							
7	Қарағанды	1750,00	1460,00			270,00							
8	Қостанай	17379,79	15225,97	1309,12		306,00	200,00	226,00					
9	Қызылорда												
10	Павлодар	3682,80	2916,32			169,48			12,00	10,00			
11	Солтүстік Қазақстан	13010,30	11768,60	200,00		428,00		23,00			20,00		
12	Оңтүстік Қазақстан	1145,00	1100,00										
РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША		**62376,93**	**52963,74**	**2309,12**	**190,00**	**2003,42**	**1330,28**	**314,00**	**12,00**	**276,00**	**230,00**	**0,00**	**113,50**

жалғасы

тонна

Реттік №	Облыстардың атауы							
		картоп	көкөніс	рапс	басқа майлы дақылдар	көпжылдық бұршақты шөптер-	көпжылдық дәнді шөптер	біржылдық шөптер
		15	16	17	18	19	20	21
1	Ақмола	80,00		50,00		60,00	60,00	
2	Ақтөбе							
3	Алматы	715,72			4,66	6,84		
4	Шығыс Қазақстан	180,00				10,00		53,05
5	Жамбыл	61,25			50,00	3,00		
6	Батыс Қазақстан							
7	Қарағанды					20,00		
8	Қостанай			50,00	60,00	0,70	2,00	
9	Қызылорда							
10	Павлодар	560,00						15,00
11	Солтүстік Қазақстан	128,00		225,70	217,00			
12	Оңтүстік Қазақстан				45,00			
РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША		**1724,97**	**0,10**	**325,70**	**376,66**	**100,54**	**62,00**	**45,00**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 4-2/435 бұйрығына 2-қосымша

2013 жылға арналған әр облысқа отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арзандатылған бағамен жүгерінің, күнбағыстың,күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдары мен көшеттердің нақты сатқан көлемі үшін квоталар

Реттік №	Облыстардың атауы	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері										
		күріш	жүгері, І-ұрпағының будандарын қоса алғанда		күнбағыс			І-көбейтуді қоса алғанда, мақта		көшеттер		
			Кеш пісетін және орташа пісетін	ертепісетін	элита	І-ұрпақтағы будандар	қант қызылшасы	механикалық әдіспен тазаланғанкезде	Химиялық әдіспен тазаланғанкезде	Жеміс дақылдары	жүзім	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1	Ақмола				150,00							
2	Ақтөбе											
3	Алматы	200,00	1214,88	1335,03			14,00			418 920,00	2 100,00	
4	ШығысҚазақстан				375,00	285,00						
5	Жамбыл									680 066,00	30 000,00	
6	БатысҚазақстан											
7	Қарағанды											
8	Қостанай											
9	Қызылорда	1528,12										
10	Павлодар											
11	СолтүстікҚазақстан											
12	ОңтүстікҚазақстан							546,60	88,60	222 923,00	1 100 000,00	
РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША		**1728,12**	**1214,88**	**1335,03**	**525,00**	**285,00**	**14,00**	**546,60**	**88,60**	**1321909,00**	**1132100,00**	

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 2 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №8755 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы

2014 жыл 24 қазан №4/547 Астана қаласы

«2014 жылға арналған әрбір бірегей тұқым өндіруші үшін жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу және отырғызылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелері аналықтарының ұрықтанбаған өндірісіне қызмет көрсету алқабы, 2014 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген сорттардың элиталық тұқымның нарықтық құны бойынша сатып алынған көлемі үшін квоталар, 2014 жылға арналған әрбір облыс үшін Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарының және көшеттер сорттарының арзандатылған құны бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған көлемі үшін квоталар бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 4/388 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 304 қаулысын іске асыру мақсатында **бұйырамын:**

1. «2014 жылға арналған әрбір бірегей тұқым өндіруші үшін жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу және отырғызылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелері аналықтарының ұрықтанбаған өндірісіне қызмет көрсету алқабы, 2014 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген сорттардың элиталық тұқымның нарықтық құны бойынша сатып алынған көлемі үшін квоталар, 2014 жылға арналған әрбір облыс үшін Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарының және көшеттер сорттарының арзандатылған құны бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған көлемі үшін квоталар бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 4/388 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9704 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2014 жылға арналған әрбір бірегей тұқым өндіруші үшін жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу және отырғызылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелері аналықтарының аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсету алқабы, 2014 жылға арналған әрбір облыс үшін тұқымның әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген сорттардың элиталық тұқымның нарықтық құны бойынша сатып алынған көлемі үшін квоталар, 2014 жылға арналған әрбір облыс үшін Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарының және көшеттер сорттарының арзандатылған құны бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған көлемі үшін квоталар бекіту туралы»;

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасында:

«Алматы облысы» деген бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	«Теңрикут» шаруа қожалығы	-	1,5

»;

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

6.	«Орман көшеттігі» акционерлік қоғамы	1,85	0,7

»;

«

Облыс бойынша	8,01	10,18

»;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Облыс бойынша барлығы	8,25	10,18

»;

«

Республика бойынша	16,01	20,17

»;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы бойынша барлығы	16,25	20,17

»;

көрсетілген бұйрықтың 2 және 3-қосымшалары осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы С. ОМАРОВ.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 24 қазандағы № 4/547 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 4/388 бұйрығына 2-қосымша

2014 жылға арналған әрбір облыс үшін тұқымның әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген сорттардың элиталық тұқымның нарықтық құны бойынша сатып алынған көлемі үшін квоталар

тонна

№	Облыстардың атауы		ауыл шаруашылығы өсімдіктері																	
		барлығы	барлығы	дәнді және дәнді бұршақ дақылдар												кар-топ	рапс	басқа майлы дақыл-дар	көп-жыл-дық бұр-шақ-ты шөп-тер	көп-жылдық дән-ді шөп-тер	бір-жыл-дық шөп-тер
				оның ішінде:																	
				жұмсақ бидай	күздік бидай	қатты бидай	қара би-дай	жем-дік арпа	сыра қай-натуға арнал-ған арпа	сұлы	та-ры	қара-құ-мық	асбұр-шақ	но-қат	қы-тай-бұр-шақ						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
1.	Ақмола	29595,03	29520,53	26923,61		466,0		2109,0				21,92				18,6	3,5			36,4	16,0
2.	Ақтөбе	423,5	423,5	400,0			23,5														
3.	Алматы	1486,185	710,75	470,56					140,19						100,0	774,045		1,39			
4.	Шығыс Қазақстан	3826,247	3628,184	2695,754			160,0	697,25		50,18		25,0				158,813			16,45	1,8	21,0
5.	Жамбыл	1609,4	1554,6		1400,0			154,6								10,0		44,8			
6.	Батыс Қазақстан	374,3	374,3	297,0				59,0			18,3										
7.	Қарағанды	2851,19	2723,19	2083,84				639,35								120,0			3,0	5,0	
8.	Қостанай	12537,1	12503,6	11351,95		158,7		544,5	250,0	198,5							20,2	11,3		2,0	
9.	Қызылорда																				
10.	Павлодар	2717,75	1513,51	1387,15				126,36								1204,24					
11.	Солтүстік Қазақстан	17397,19	16827,18	16037,18		209,0		581,0								225,0	224,01	116,0		5	
12.	Оңтүстік Қазақстан	1067,0	1000,0	1000,0														67,0			
Қазақстан Респуб-ликасы бойынша барлығы		73884,892	70779,344	62647,047	1400,0	833,7	183,5	4911,06	390,19	248,68	18,3	46,92	0	0	100,0	2510,698	247,71	240,49	19,45	50,2	37,0

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 24 қазандағы № 4/547 бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 4/388 бұйрығына 3-қосымша

2014 жылға арналған әрбір облыс үшін Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарының және көшеттер сорттарының арзандатылған құны бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатылған көлемі үшін квоталар

тонна/саны

№	Облыстардың атауы	ауыл шаруашылығы өсімдіктері										
		күріш	жүгері, бірінші ұрпағының будан-дарын қоса алғанда		күнбағыс		қант қызыл-шасы	бірінші көбейтуді қоса алғанда, мақта		көшеттер		
			кеш пісетін және орташа пісетін	ерте пісетін	элита	бірінші ұрпақтағы будандар		механикалық әдіспен тазаланған кезде	химиялық әдіспен тазаланған кезде	ерте пісетін	элита	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1.	Ақмола				68,8							
2.	Ақтөбе											
3.	Алматы	400,0	1460,11	1067,3			15,0			334067,0		
4.	Шығыс Қазақстан				551,411	103,33						
5.	Жамбыл									861515,0		
6.	Батыс Қазақстан											
7.	Қарағанды											
8.	Қостанай											
9.	Қызылорда	2326,0										
10.	Павлодар											
11.	Солтүстік Қазақстан											
12.	Оңтүстік Қазақстан							253,6	76,4	553990,0	1642820,0	
Қазақстан Республикасы бойынша барлығы		2726,0	1460,11	1067,3	620,211	103,33	15,0	253,6	76,4	1749572,0	1642820,0	

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 28 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №9917 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің бұйрығы

2014 жылғы 27 қазан №25 Астана қаласы

Конъюнктуралық зерттеулер бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысанды мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) және 8) тармақшаларына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 33 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9779 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті туралы ереженің 13-тармағы 9) тармақшасына сәйкес, **бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) «Өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1572101, индексі КП -001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1572101, индексі КП-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1492102, индексі КС -001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1492102, индексі КС-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) «Құрылыс ұйымдарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1482102, индексі КС-002, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

6) «Құрылыс ұйымдарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1482102, индексі КС-002, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес;

7) «Байланыс кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1472102, индексі КСВ-1, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес;

8) «Байланыс кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1472102, индексі КСВ-1, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес;

9) «Сауда кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1552101, индексі КТ-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес;

10) «Сауда кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1552101, индексі КТ-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес;

11) «Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1532102, индексі КТР-1, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес;

12) «Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1532102, индексі КТР-1, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес;

13) «Туристік ұйымдардың қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1522102, индексі КТУ-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес;

14) «Туристік ұйымдардың қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1522102, индексі КТУ-001, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Конъюнктуралық зерттеулер бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 13 тамыздағы № 190 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8703 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 79 (28303) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында міндетті жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға Ә.СМАЙЫЛОВ.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы №25 бұйрығына 1-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 1 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 27 октября 2014 года №25

Аумақтық статистика органына тапсырылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады
Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына дәйексіз деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

Статистикалық нысан коды 1572101
Код статистической формы 1572101

Өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы

КП-001

Анкета конъюнктурного обследования деятельности промышленных предприятий

Тоқсандық Квартальная **Есепті кезең** Отчетный период **тоқсан** квартал **жыл** год

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 05-36 – кодтарына сәйкес негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері ұсынады.
Представляют юридические лица и (или) их структурные подразделения с основным видом деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности – 05-36.

Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнің соңғы айының 25 күні.
Срок представления - 25 числа последнего месяца отчетного периода.

БСН коды
код БИН

Құрметті басшы!
Сізден сауалнамада өз кәсіпорныңыздың қаржы-шаруашылық қызметіндегі ағымдағы және күтілетін өзгерістерге баға қоюыңызды сұраймыз.

Уважаемый руководитель!
В анкете просим проставить Вашу оценку текущих и ожидаемых изменений финансово-хозяйственной деятельности Вашего предприятия.

Өз жауабыңызды тиісті торда «√» белгісімен көрсетуіңізді өтінеміз
Пожалуйста, укажите Ваш ответ в соответствующей клетке знаком «√»

1. Сіз өз кәсіпорныңыздың қызметінің келесі көрсеткіштерінің өзгерісін қалай бағалайсыз?
Как Вы оцениваете изменения следующих показателей деятельности Вашего предприятия?

Жол коды Код строки	**Көрсеткіштер атауы** Наименование показателей	**Өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда** В текущем квартале по сравнению с предыдущим			**Ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда** В следующем квартале по сравнению с текущим		
		өсуі увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение	**өсуі** увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение
А	Б	1	2	3	4	5	6
1.1	**Заттай көріністегі өнімнің негізгі түрлерін шығару**[1] Выпуск основного вида продукции в натуральном выражении						
1.2	Өткізілген өнімдерге баға Цены на реализуемую продукцию						
1.3	**Шикізатқа және материалдарға баға** Цены на сырье и материалы						
1.4	**Дайын өнімдер қорлары** Запасы готовой продукции						
4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Өз-өзіне қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, құжаттарды қабылдауға назар аудару қабілеті немесе мүмкіндігі толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша шығу және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бойынша «1414» бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қағаз тасымалдағышты толтыра отырып, жүгіну арқ

(Соңы. Басы 26-27-беттерде).

«Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

нысан

Міндеттеме

Мен _____

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды өтіне отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын сақтауға, оның мүдделері мен аумақтық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тілге және аумағында тұратын барлық ұлт өкілдерінің тіліне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-қуатын, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға міндеттенемін.

20 ___ жылғы «____» _____

_____
(қолы)

Обязательство

Я, _____,

ходатайствуя о приеме в гражданство Республики Казахстан, обязуюсь соблюдать Конституцию и Законы Республики Казахстан, защищать ее интересы и территориальную целостность, уважительно относиться к обычаям, традициям, государственному языку и языку представителей всех национальностей, проживающих на ее территории, способствовать укреплению могущества, суверенитета и независимости Республики Казахстан.

«___»_____20___год

_____
(подпись)

«Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің және оларға қойылатын талаптардың
ТІЗБЕСІ

Р/с №	Кәсіп	Талаптар
1	2	3
1.	Әртіс	Халықаралық наградалармен және атақтармен атап өтілген аса көрнекті музыкалық, сахналық немесе хореографиялық қабілетінің, кәсіптік шеберлігінің және жарқын шығармашылық жеке даралығының болуы
2.	Археолог	Ғылыми дәрежесінің және атағының, халықаралық сертификаттарының, ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің, ғылыми басылымдарда жарияланымдарының болуы, халықаралық конференцияларға және әлемдік маңызы бар ірі археологиялық ескерткіштердің ашылуына қатысуы
3.	Сәулетші	Сәулет және құрылыс саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, қала құрылысының бас жоспарларын әзірлеуде және айрықша ірі әрі күрделі объектілерді жобалауда тәжірибесінің болуы
4.	Балетмейстер	Аса көрнекті балет әртістерін даярлауда тәжірибесінің, халықаралық сертификаттарының және ірі театрлардағы жұмыс өтілінің болуы, әлемдік сыныптағы спектакльдерді дайындауға қатысуы
5.	Биолог, микробиолог (бактериолог, вирусолог)	Биология, бактериология, вирусология, гендік инженерия және басқа да аралас ғылымдар саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және халықаралық маңызы бар ізденістерінің болуы
6.	Дәрігер	Медицина саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және халықаралық маңызы бар ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы, сондай-ақ мамандануына сәйкес: акушерлік және гинекология; ангиохирургия; анестезиология-реаниматология; кардиохирургия; нейрохирургия; онкология; онкогематология; оториноларингология; радиология; трансплантология; фармакология және клиникалық фармакология; жақ-бет хирургиясы саласындағы диагностика мен емдеудің озық әдістерін меңгеруі
7.	Геолог, геофизик	Геологиялық және геофизикалық ғылымдар саласындағы ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің, ядролық жарылыстар және жер сілкіністері мониторингі саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы
8.	Дирижер	Аса көрнекті музыкалық деректерінің және халықаралық конкурстарға қатысқанын растайтын дипломдарының, әлемнің жетекші театрлары мен концерт залдарында дирижерлік өткен жұмыс тәжірибесінің болуы
9.	Инженер	Ғылыми дәрежесі мен атағының, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ізденістерінің, халықаралық сертификаттарының болуы, сондай-ақ экономикалық қызмет түріне сәйкес: сейсмологиялық құбылыстарды орта мерзімді, қысқа мерзімді болжау әдістерін меңгеруі; қуатты энергетикалық және жоғары температурадағы плазма қондырғыларын пайдалану; ғылым және техника, рационализация, өнертапқыштық жетістіктерін енгізу; қоршаған ортаны тазарту және оны қалпына келтіру; ядролық жәнеядерлі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды әзірлеу; ядролық реакторларды пайдалану, реакторды (жылдамдатқышты, ядролық-физикалық қондырғыны) басқару; ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар; озық бағдарламалық қамтамасыз етуді және қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтарды әзірлеу; информатика және жүйелік бағдарламалау; қарыш қызметі саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды әзірлеу; зымырандар мен қарыш аппаратарының, қарыштық ұшу аппаратары мен екпіндеткіш блоктарының бастапқы және техникалық кешендерін әзірлеу және пайдалану; телеметриялық жүйелер мен кешендер, компьютерлік өлшеу блоктары; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердің құрылысына арналған технологиялық жобалау; ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласына прогрессивті технологиялық процестерді енгізу; субстанциялар мен дәрілік нысандар өндірісі жөніндегі арнайы, осы заманғы фармацевтік жабдықтардағы фармацевтикалық бөйін; дәрілік нысандар мен препараттарды биофармацевтикалық зерделеу; дәрілік субстанциялар мен фитопрепараттар өндірудің технологиялық негіздері мен әдістерін әзірлеу; жүйелі бағдарламалау; жоғары деңгейдегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу
10.	Нұсқаушы-спортшы	Олимпиада ойындарында бірінші–алтыншы орынды немесе әлем чемпионаттарында бірінші-үшінші орынды немесе Азия ойындарында бірінші орынды немесе Еуропа чемпионаттарында бірінші, екінші орынды немесе спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем кубогі финалдарында бірінші орынды немесе Азия, Еуропа чемпионаттарында, бүкіл дүниежүзілік универсиадаларда, Бүкілдүниежүзілік жасөспірімдер мен юниорлар ойындарында бірінші-үшінші орынды иемденген халықаралық біліктілігі бар спорт шеберінен төмен емес спорттық атағының болуы
11.	Ұшқыш (пилот)	Азаматтық әуе кемелеріне рұқсаты бар ұшқыш (пилот) күәлігінің болуы. Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, кемеңің ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
12.	Ұшқыш-нұсқаушы	Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, кемеңің ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
13.	Ұшқыш-сынаушы	Жоғары кәсіптік шеберлігі мен даярлығы, әуе кеңістігінің қауіпсіз пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, кемеңің ұшу және пайдалану ережелерін сақтауы. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі
14.	Ұшқыш-қадағалаушы	Арнайы даярлығы, орман қорғау саласындағы жұмыс тәжірибесінің, пирология және өрт қауіпсіздігі жөніндегі білімінің болуы
15.	Математик	Мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының, жұмыс тәжірибесінің, математика, қолданбалы математика және аралас ғылымдар саласындағы халықаралық маңызды ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің болуы
16.	Ғылыми қызметкер (физика және астрономия саласында)	Мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі мен атағының, жұмыс тәжірибесінің, физика мен астрономия және басқа да аралас қызмет түрлері саласындағы өнертапқыштық немесе ғылыми еңбектерінде авторлық күәліктерінің болуы
17.	Провизор	Фармакологиялық заттар мен дәрілік шикізатты физикалық және химиялық қасиеттерін, оларды алу, тазалау, стандарттау және сапасын бақылау әдістері саласындағы аса көрнекті ғылыми зерттеулерінің болуы. Фармазакономика жөніндегі зерттеулердің, медицина мен фармацевтика саласындағы мамандарды халықаралық стандарттар бойынша инспекциялаудың және оқытудың озық әдістерін меңгеруі (GPP, GCP, GMP, GLP, GDP)
18.	Режиссер	Аса көрнекті қойылым қою деректерінің, халықаралық фестивальдарға қатысқанын растайтын атақтары мен дипломдарының, әлемнің ірі театрлары мен концерт залдарындағы жұмыс тәжірибесінің болуы
19.	Құтқарушы	Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге арнайы даярлығының, «Халықаралық сыныптағы құтқарушы» үлгісіндегі біліктілік берілген халықаралық сертификаттарының, ірі авариялық және төтенше жағдайлардың салдарын жоюдағы жұмыс тәжірибесінің, авариялық құтқару құралдарын қолдану жөніндегі дағдысы мен шеберлігінің болуы
20.	Жаттықтырушы	Халықаралық біліктіліктегі спорт шеберінен кем емес спорттық атағының, мамандығы бойынша жұмыс өтілінің Олимпиадалық ойындарда бірінші–алтыншы орынды иемденген жоғары білікті кемінде бір спортшыны немесе Азия ойындарында бірінші – үшінші орынды иемденген бір спортшыны немесе әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, бүкіл дүниежүзілік универсиадаларда, Бүкілдүниежүзілік жасөспірімдер ойындарында, спорттың жеке немесе ойын түрлерінде бірінші–үшінші орынды иемденген спортшының даярлау жөніндегі жұмыс тәжірибесінің болуы
21.	Мұғалім	Мамандығы бойынша жоғары санаты мен жұмыс тәжірибесінің, халықаралық сертификаттарының және мынадай мамандықтар бойынша тиісті жоғары кәсіптік білімінің болуы: математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі, информатика, жалпы тарих; мемлекеттік немесе орыс тілдерін меңгеруі, шет тілдерді еркін меңгеруі
22.	Химик	Ғылыми дәрежесі мен атағының, халықаралық сертификаттарының мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің, химия, токсикология және аралас ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулері мен ізденістерінің болуы
23.	Суретші	Кәсіптік білімінің, жоғары көркем өнер шығармаларының, халықаралық нағадаларды мен атақтарының, өнертанушылардан шығармашылық мінездемесінің болуы; халықаралық көрмелерге, симпозиумдар мен конкурстарға қатысуы
24.	Штурман (авиацияда)	Жоғары кәсіптік даярлығы мен навигация және ұшу аппаратын жауынгерлік қолдану жөніндегі шеберлігі; әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі. Денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігі

«Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымша

нысан

Құжаттарды тапсырғаны туралы № _____ анықтама
Справка о сдаче документов № _____

_____ азаматының № _____ паспортына берілді
Выдана к паспорту № _____ гражданина _____
Тегі _____
Фамилия
Аты _____
Имя
Әкесінің аты (бар болса) _____
Отчество (при наличии)
Туған жылы _____
Дата рождения
20___жылғы «___» _____ ол шын мәнінде Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау не одан шығу туралы өтініш білдірді.
В том, что он (а) действительно «___» _____20___года подал (а) ходатайство о приобретении либо о выходе из гражданства Республики Казахстан.
Онымен бірге: _____
Вместе с ним (ней) ходатайствуют:
_____
_____
_____
_____
_____
_____ өтініш берді.
_____ облысы ІІД КҚПБ бастығы
Начальник УМП ДВД _____

М.О. М.П.

№ _____ анықтама түбіртегі
Корешок справки № _____

Тегі _____
Фамилия
Аты _____
Имя
Әкесінің аты (бар болса) _____
Отчество (при наличии)
Туған жылы _____
Дата рождения
Бұрынғы азаматтығы _____
Прежнее гражданство
Паспортының № _____
№ _____ паспорта
20__ жылғы «___» _____ ол шын мәнінде Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау не одан шығу туралы өтініш білдірді.
В том, что он (а) действительно «___» _____ 20____ года подал (а) ходатайство о приобретении либо о выходе из гражданства Республики Казахстан.
Онымен бірге: _____
Вместе с ним (ней) ходатайствуют:
_____
_____
_____
_____
_____
_____ өтініш берді.
_____
(арнайы атағы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
специальное звание, должность, фамилия, имя, отчество (при наличии))

_____
(қолы - подпись)

Анықтаманы алдым _____
Справку получил (а) (қолы - подпись)

20__ жылғы «___» _____

М.О. М.П.

«Қазақстан Республикасының азаматтығын ауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 8-қосымша

нысан

_____
(аумақтық көші-қон полициясы бөлінісінің атауы)
_____

Тіркеу нөмірі _____
(лауазымды адам толтырады)

М.О.[1]	Фотосуреттің орны[2]

Сауалнама-өтініш[3]

Маған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат етуіңізді сұраймын. Осы өтінішпен жүгінуге ықпал еткен себептер _____

Біруақытта өзіммен бірге көмелетке толмаған балаларымды (балам, қызым, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жылы, азаматтығы) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат етуіңізді сұраймын	
Көрсетілген балалардың басқа ата-аналары туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар болса, сақтайды ма, жоқ па соны көрсетсін)	

Өтініш беруші туралы мәліметтер

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), _____
_____
(тектері, аттары, әкесінің аттары (бар болса) өзгерген жағдайда бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) себебі және өзгерген күні көрсетілсін)
2. Туған күні, айы, жылы және жері _____
_____
3. Жынысы (еркек, әйел) _____
4. Отбасылық жағдайы _____
(үйленген (тұрмыста), бойдақ (тұрмыста емес), ажырасқан, неке (ажырасқаны) туралы куәлік, берілген күні және орны)
_____
5. Ұлты _____
(тілегі бойынша көрсетіледі)
6. Діні _____
(тілегі бойынша көрсетіледі)
7. Білімі, білімі бойынша мамандығы, кәсібі _____
_____
(қандай оқу орнын қашан және қайда бітірді, диплом нөмірі, берілген күні және орны)
8. Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі _____
(диплом нөмірі, берілген күні және орны)
9. Соңғы бес жылдағы еңбек қызметі

Күні (айы және жылы)		Жұмыс орны және лауазымы	Жұмыс орнының мекенжайы
қабылданды	босатылды		

10. Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген салықтарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелер бар ма _____
(иә, жоқ)
11. Әскери міндеттілікке қатысы _____
_____
(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери қызметтен өтсе, қашан, қайда, әскер түрі, әскери атағы көрсетілсін)
12. Қазақстан Республикасының құзыретті органдарына қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде тартылдыңыз ба? _____
(иә, жоқ)
13. Сізге қатысты занды күшіне енген және орындауға жататын айыптау сот үкімі бар ма?
_____
(иә, жоқ)
14. Көрсетілген өтініште Сіздің және Сіздің балаларыңыздың өзге азаматтығы бар ма?
_____
(иә болса, қандай, қашан және қандай негізде құжат алынды, оның нөмірі, күні және берілген орны; өзге азаматтығы болмаған кезде – оны алу мүмкіндігін растау)
15. Бұрын Қазақстан Республикасында тұрақты тұрды ма? _____
_____
_____
(егер иә болса, қандай мекенжай бойынша тіркелгені көрсетілсін, қашан және қандай құжат бойынша Қазақстаннан кетті)
16. Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығарылдыңыз ба? (ұсынылған құжатқа сәйкес) _____
17. Тұрғылықты жердің мекенжайы, телефоны _____
_____
18. Жеке басын куәландыратын құжат және Қазақстан Республикасының азаматтығы
_____
(түрі, сериясы, нөмірі, кім және қашан берілген)
Өтінішпен бірге мынадай құжаттар ұсынылады:
_____
_____
_____
_____

Маған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңның 22-бабына сәйкес жалған құжаттардың және көрнеу жалған мәліметтердің негізінде қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы шешім жойылуға жататыны ескертілді.

Өтініште көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісім беремін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және баяндалған деректердің шынайылығын растаймын.

_____ _____
(өтініш берген күн) (өтініш берушінің қолы)

Өтініш қарауға «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңның негізінде _____ _____ қабылданды
(бап, бөлім, тармақ) (күні)

Өтінішті толтырудың дұрыстығы және қажетті құжаттардың бар болуын тексерді; өтінішке менің қатысуыммен қол қойылды, өтініш берушінің қолының түпнұсқалығын растаймын.[4] _____
_____
(лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

_____
(лауазымды адамның қолы)

_____

[1]Өтінішке өлшемі 3,5 х 4,5 см төрт сурет беріледі.
[2]Мөр қойылады.
[3]Өтініш өз қолымен қысқартуларсыз, аббревиатураларсыз, түзетулерсіз және шимайсыз жазылады. Сұрақтарға жауаптар толық болуы тиіс. Қолмен орындалған мәтін түсінікті болуы тиіс.
[4]»Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайда өтініш берушінің қолының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 315 бұйрығына 4-қосымша

«Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
1) қажетті құжаттарды топтамасын тапсырған сәттен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн;
2) құжаттары тапсыру үшін рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілген ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:
1) босқын мәртебесін беру және босқынның куәлігін беру;
2) босқынның мәртебесін ұзарту;
3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет және тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаңы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижелерін беру сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Пана іздеген шетелдіктердің және Қазақстан Республикасындағы олардың отбасы мүшелерінің болатын жері бойынша көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша босқын мәртебесін беру (ұзарту) туралы қолдаухат;
2) пана іздеген адамның жеке басын куәландыратын немесе растайтын құжаттар;
3) қолдаухаттың негізділігін растайтын құжаттар мен материалдар (болған жағдайда).

Барлық қажетті құжаттар қабылданғанған кейін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға берілген күнін көрсете отырып, талон береді.

10. Мыналар:
1) адамның нәсілдік, ұлттық, діни сенім, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси наным-бейнешіл қудалау құрбаны болуы мүмкін деген негіздеріне қауіп болмаса;
2) егер адам өзі туралы және Қазақстан Республикасының аумағына келу мән-жайлары туралы хабарлаудан бас тартса не көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа, сондай-ақ жалған құжаттарды ұсынса;
3) адамда өзі оның қорғауын пайдалана алатын ұшінші мемлекеттің азаматтығы болса;
4) егер адам қауіпсіз ұшінші елдің аумағынан тікелей келсе;
5) егер аталған адамға қатысты өзі азаматы болып табылатын елде не кейін елінде әрекет ететін террористік, экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысады не қатысты деп топшылауға салмақты негіздер болса;
6) егер аталған адам жөнінде бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамадағы осындай қылмыстарды жасады деп топшылауға салмақты негіздер болса;
7) егер аталған адамға қатысты ол Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде саяси емес сипаттағы ауыр қылмыс жасады деп топшылауға салмақты негіздер болса;
8) егер аталған адамға қатысты ол Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық ұйымдардың мақсаты мен қағидаттарына қайшы келетін әрекеттердің жасалуына кінәлі деген салмақты негіздер болса;
9) егер аталған адам Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасынан басқа, Біріккен Ұлттар Ұйымы органдарының немесе мекемелерінің қорғауын не көмегін пайдаланып отырса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы оның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), почталық мекенжайын, шығыс нөмірін және күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым ішкі істер органдарының жеке және занды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, шағымды/өтінішті қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен өтініш білдіре алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжетімділік режимінде Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Дене мүмкіндіктері шектеулі қызмет алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, ғимаратқа кіреберіс пандустармен жабдықталған, күту үшін креслолар бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

кімге _____
(лауазымы, тегі, аты-жөні
_____ азаматы(-шасы)
(қай мемлекеттен)
_____
тұрақты тұрғылықты орны
_____
(мекенжайы) уақытша тұратын
отбасы құрамы _____ адамнан тұратын
кімнен _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Босқын мәртебесін беру (ұзарту) туралы қолдаухат

Маған және менің отбасымның мүшелеріне Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруіңізді (ұзартуыңызды) сұраймын.

Өзімнің тұрғылықты жерімнен мынадай себептер бойынша кетуге мәжбүрмін:
_____
_____
_____
_____
_____
босқын мәртебесін беруге арналған мән-жайларды сақтау туралы ақпаратты ұзарту үшін
Туған күні, айы, жылы және жері _____
Азаматтығы (бұрын тұрақты тұрған елі) _____
_____
Ұлты (этникалық тиесілігі) _____
Білетін тілдерім
Қазақстан Республикасына келген күні _____
Заңды (заңсыз) келдім _____
Жеке басты куәландыратын құжаттары немесе пана іздеген адамның жеке басын растайтын құжаттар _____
_____
(атауы, сериясы, нөмірі, қашан берілген және кім берген)
Менімен бірге отбасымның мүшелері келді:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Туыстық дәрежесі

Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатпен бұрын өтініш білдірді ме? (пана іздеген адамдар үшін)
Өтініш білдірсе, орған көрсетілсін _____
_____
Босқын мәртебесі қашан және қанша мерзімге берілді?
(босқын мәртебесін ұзартуға қолдаухат берген босқындар үшін) _____
_____
_____ _____
(өтініш берілген күні) (пана іздеген адамның не босқынның қолы)
Қолдаухатты қабылдаған аумақтық бөлімшенің қызметкері
_____ _____ _____
(қолы) (Т.А.Ә (ол болған жағдайда)) (күні)
Қолдаухатты тіркеу туралы ақпарат:
_____
(Т.А.Ә., лауазымы, тіркелген күні, нөмірі, жұмыскердің қолы)

«Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдау туралы № _____талон
_____
(Өтініш берушінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

Қабылданған құжаттар тізбесі:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
_____
_____
_____
_____
Қабылдаған:_____/
(аумақтық бөлімше қызметкерінің лауазымы)
_____/_____
(қолы) (Т.А.Ә. ол болған жағдайда, лауазымы)
_____ жылы «___» _____
Берілген күні және уақыты: _____ жылғы «___» _____ сағ. __ мин.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №11203 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығы

2015 жыл 24 сәуір № 488 Астана қаласы

Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы

«Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сарсенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ә. ИСЕКЕШЕВ.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 488 бұйрығымен бекітілген

Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті теле-, радиоарналар тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының барлық аумағында көпарналы хабар тарату арқылы таратылатын міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс (бұдан әрі – конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Көпарналы хабар таратуда міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурсқа қатысуға үміткерлердің (бұдан әрі – үміткер) өтінімдерін қарау және жеңімпаздарды айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

3. Конкурсты өткізуді ұйымдастырушы Комиссияның жұмыс органы болып табылатын уәкілетті орган өрекет етеді.

4. Заңының 7-бабы 1-тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес, уәкілетті орган Комиссия ұсынымы бойынша міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) бекітеді.

5. Тізбені қалыптастыру үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

6. Конкурсты өткізу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

7. Конкурсты өткізу туралы ақпаратты, хабарлама ол өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің www.mid.gov.kz интернет-ресурсында жариялануы.

8. Ақпараттық хабарлама

(Соңы. Басы 28-бетте).

161. Сабағы 80 см жоғары тік тұрған дақылдарды жинағанда мотайыр білігі пышақ белінің алдына қандай тік аралыққа шығуы тиіс?
162. СК-5 комбайнының жоғары білігі мен көлбеу камерасынан дестелегіштің қарсы жетегіне белдіктің жетекші тармағының майысуы қандай болу тиіс?
163. Электр жетізу желісінен қандай қашықта Е-303 шалғынның жеңдеуін өткізуге болмайды?
164. РКС-6 өздігінен жүретін тубір жинайтын машинаның руль деңгелегінің бос жүрісі мотосағаттағы қандай кезеңділікте тексеріледі де, қажетті болса реттеледі?
165. СМД-22А қозғалтқышының жанармай бергі басталуының жоғарғы өлі нуктеге дейін озу бұрышы қандай болады?
166. СКС-5 комбайны 180 мотосағат істегенде техникалық байқау қай түрін өткізу керек?
167. Орташа және қысқа дақылдарды жинағанда мотойайыр білігі пышақ белінің алдында қандай қашықта орналасу тиіс?
168. 4,0 кгс күшпен басқанда СК-5 комбайнының бас контржетегінің ремені берілісінің иілу қандай болуы тиіс?
169. Электролитті дайындау кезінде күйікке жол бермеу үшін нені неге қую керек?
170. РКС-6 өздігінен жүретін мал азығын жинайтын машинаның ілініс муфтасының бұрмасының қысу рычагтарымен қысу подшипниктері арасындағы саңылауды тексеру және қажетті жағдайда реттеу мотосағатта қандай мкезеңділіктен өткізіледі?
171. СМД-17КН қозғалтқышы ині білігінің бір градус бұрылуы шкивтің қандай ұзындығына сәйкес болады?
172. СК-5 комбайн 240 мотосағат істегенде техникалық байқауды қандай түрін өткізу қажет?
173. СК-5 комбайнының тырнауыш шеттері мен кесу аппаратының сақиналары арасында минималды саңылау қандай болу тиіс?
174. Қоршаған ауаның температурасы 10° С жоғары болғанда СК-5 комбайнының гидрожүйесінде майдың қай түрі қолданылады?
175. Комбайнды қандай құрылым түрі мен ұзындығында сүйретуге болады?
176. Клапандар мен иін арасындағы саңылаудың үлкейуі нені туындатады?
177. СК-5 комбайн гидрожүйесінің сақтандырғыш клапандары ашылудың қай қысымында реттейді?
178. Комбайндарда мотосағатта техникалық байқау № 1-ді өткізу кезеңділігі қандай?
179. Бидай жинағанда СК-5 комбайнындағы бастырғыш апплараттың кіру саңылауы қандай болу тиіс?
180. Қай себептен СМД-22А қозғалтқыш «разноста» істейді?
181. Неше сағат жұмыстан кейін жылдамдық вариаторының бекітпе гайкаларын бұрап тарту қажет?
182. СК-5 комбайнында грохот жұлқылау ағашындағы топанның түсірілу себебін атаңыз?
183. СК-5 комбайнының гидрожүйесіні сақтандырғыш клапандарын ашудың қандай қысымына реттейді?
184. СК-5 комбайнында мотосағатта техникалық байқау № 1 өткізу кезеңділігі қандай?
185. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының алдыңғы деңгелектерінің қалыпты қиылысу шамасы қандай?
186. Ақ түсті түтін байқалғанда СМД-17 қозғалтқышының ақауының себебі неде?
187. Артериалық қан ағыс кезінде көрсететін көмек?
188. РКС-6 комбайнының ілініс муфтасының басқашының минималды еркін жүрісі қандай болу тиіс?
189. СМД-18К қозғалтқыштағы бұлғақ-поршеньді топтың техникалық жағдайы тексерілгенде картерге өтетін газдардың қандай көлеміне рұқсат берілген?
190. СК-5 комбайнында мотосағатта техникалық байқау № 2 өткізу кезеңділігі қандай?
191. «Енисей» комбайнының төменгі білік орналасқан жеріндегі көлбеу камерасының тарақтары мен түп арасындағы саңылау қандай болу тиіс?
192. Неліктен май мен көбік сапун мен құйылатын мойынған шығады?
193. Техникалық қызмет көрсетуде тасымалдау шамдарының қандай көрнеуін қолдануға болады?
194. СМД-16К қозғалтқышының жанармайдың жіңішке тазалау сүзгісін толық бөлшектеп оны тазартып жұндың кезеңділігі қандай?
195. СМД-18К қозғалтқышының жанар май бұрқу бұрышының номиналды мәніне сәйкес келетін ииді білік шкивіндегі белгілері арасындағы доға ұзындығының шамасы неге тең?
196. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының мотосағаттағы ТҚ-1 өткізу кезеңділігі қандай?
197. «Енисей» комбайнының шнек шиыршық сымы мен дестелегіш түбі арасындағы саңылау қандай болу тиіс?
198. СК-5 комбайнының жылдамдық вариаторының төмен жоғары ығысуының шектеулінің себебі неде?
199. Тамырдан жарақаттанған кісіге қандай жәрдем көрсету керек?
200. Шынжырды майда қайнату уақытын атаңыз (температура 90°С)
201. 201. СМД-18К қозғалтқышының цилиндрлер арасындағы қысым айырмашылығы қандай мөннен аспауы керек?
202. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғысына мотосағатта ТҚ-2 өткізу мерзімділігі қандай?
203. «Енисей» комбайнының саусақтар тесемелермен сегменттер арасындағы саңылау мәні қандай?
204. Комбайнды жинағанда жаңа жетік белдігі қиын кигізілсе, не істеу керек?
205. 1-ші дәрежелі күйік алған кісіге қандай алғашқы көмек жасалады?
206. «Енисей» комбайндарын сақтауға қойғанда сақтандыру муфталарының тенестіру қондырғылары серіппелері қандай жағдайда болу керек?
207. Неліктен СК-5 комбайнының жылдамдық вариаторы жоғары немесе төмен қозғалмайды?
208. Е 282 С мал азығын жинау комбайны үшін неше номерлік техникалық байқау қарастырылған?
209. СК-5 комбайнының дестелегішінің кесу аппаратының сегменті мен батырма арасындағы рұқсат берілген саңылау қандай?
210. Пышақтың қосу бұзын жақтаушаларының толық майлану белгілері қандай?
211. Жүгуты жарақатқа салудың ең ұзақ мерзімі?
212. СК-5 комбайнын сақтағанда қозғалтқыштың ині білігін қандай уақытта бірнеше айналымға бұрау керек?
213. «Енисей» комбайнының гидрожүйесінің барлық жұмыс органдары істемегенде, ақаудың себебі неде?
214. Е-282 С мал азығын жинау комбайнында мотосағатта техникалық байқау № 1 өткізу уақытылығы қандай?
215. Е-303 өздігінен жүретін мал азығын жинайтын комбайнның жетекші деңгелектерінің шиналарында номиналды ауа қысымы қандай болу тиіс?
216. Күңірт қышқылы адам терісіне тигенде не істеу керек?
217. Жинау алдында топсалы қосылыстарға (білік қосылуы) не істеу керек?
218. СК-5 комбайнды сақтағанда золотникті тарақтышты 20 рет ке дейін кашан қосады?
219. «Енисей» комбайнында гидрожүйедегі май неліктен қатты қызады?
220. «Енисей» комбайнында мотосағатта техникалық байқау № 2 өткізу кезеңділігі қандай?
221. КВН-6 жатқасының теңгерісіз механизмі серіппесін реттегенде тіреулердің топырақпа қысым мөлшері қандай?
222. «Нива» Комбайнды дестелегіш түбіне салыстырмалы шнек паралельдігінің және саусақ жағдайларын тексеру мен реттеуін қандай техникалық байқау өткізу керек?
223. Комбайндар колоннада жылтырғанда олар арасындағы ара қашықтық?
224. РКС-6 өздігінен жүретін мал азығын жинайтын машинаның шнек тасығыш-тазартқыш жетегінің аралық білігінің сақтандырғыш муфтасының берілетін айналдыру моментінің шамасы қандай болуы тиіс?
225. Неліктен дестелегіш баяу көтеріледі немесе көтерілмейді?
226. Е -281С мал азығын жинайтын комбайнда сағатта техникалық байқау № 3 өткізу мерзімділігі қандай?
227. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының жетекші деңгелектерінің шиналарында номиналды ауа қысымы қандай болу тиіс?
228. Неліктен СК-5 комбайны жұмыс істегенде мотоайыр сабақтарды кесу аппаратына жеткізбейді?
229. Берілісі қосылып тұрған комбайнды сүйретуге болады ма?
230. Е-303 жаныштағыш шалғының клапан стерженьдерінің ұшы мен ин бойетері арасындағы саңылауды тексеру және қажетті болса реттеу қандай кезеңділікте өткізіледі?
231. Гидробаста көбік не себептен пайда болады?
232. Е -281С мал азығын жинайтын комбайнының сағатта техникалық байқау - 4 өткізу мкезеңділігі қандай?
233. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының басқару деңгелектердің шиналарындағы номиналды ауа қысым қандай болуы тиіс?
234. Ині білік толық айналмға бұрылса, ақаулықтың мүмкін болатын себебі қандай?
235. Бұрылуда СК-5 комбайнының жылдамдығын қандай шамаға дейін төмендету керек?
236. Үйкеліс муфтасын тоқтап қалу кезін бақылауға көмектесетін құрылғылар болмағанда, серіппелерді орамдардың түйсуіне дейін қысатын тарту болттарының гайкаларын неше айналымға босатады?
237. Неше сағат жұмыстан кейін СК-5 комбайнының гидрожүйе сүзгісін бөлшектеу керек?
238. Е -281С жемшөп жинайтын комбайнның сағаттағы техникалық байқау № 5 өткізу мерзімділігі қандай?
239. СК-5 комбайнының ині центрлеп пышақтың шет жағдайларындағы жақтауша ауытқуы қандай болады?
240. «Енисей» комбайнының көлбеу камерасының транспортерін қалыпты көргенде серіппе ұзындығы қандай болу тиіс?
241. Бидайдың жинауын бастауға рұқсат етпейтін бойлық және көлденең орымдардың ең қысқа ені кандай?
242. «Нива» комбайнының СМД-18К қозғалтқышының салқын күйінде суу клапандарының стерженьдерінің шеті мен ин арасындағы саңылау қандай болу тиіс?
243. Е-303 жаныштағыш шалғының жұмысында дестелегішті көтеру цилиндрінің тым баяу әрекеті қандай себептен байқалады?
244. Е -281С жемшөп жинайтын комбайнды сағаттағы техникалық байқау № 6 өткізу кезеңділігі қандай?
245. 4 кгк белдіктердің тартуын тексеру кезінде Е-303 жаныштағыш шалғының жетекші бұтағының майысуы қандай болуы тиіс?
246. Е-303 өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының жұмыс істеп тұрған қозғалтқышына ауа жетіктілті мөлшерде берілмегенде қандай түсті түтін байқалады?
247. Колоннада қозғалғанда комбайндардың арақашықтығы қандай болу тиіс?
248. Комбайнды тұғырыққа қойғанда деңгелектер мен алаң арасындағы саңылау қандай болу тиіс?
249. Тенестіру қондырғысы жеке сақтандыру муфталарының тарту серіппелерін реттеу үшін не қолданылады?
250. Е -281С жемшөп жинайтын комбайнды мотосағаттағы техникалық байқау № 7 өткізу кезеңділігі қандай?
251. Өздігінен жүретін жаныштағыш шалғының шынжыр жетегінің жетектелуші тармағының майысуы 15...18 кгк мен шынжырдың керуін тексеруде қандай болу тиіс?
252. Е-281С комбайнының қозғалтқышы тұрақты жұмыс істейді бірақ толық қуатын туындатпайды. Себебін атаңыз?
253. Комбайндар колоннада өре немесе төмен қарай қозғалғанда комбайндар аралығындағы қашықтық?
254. СМД-17К қозғалтқыштың жанармайды жіңішке тазарту сүзгісін қандай кезеңділікте бөлшектейді және жуады?
255. «Енисей» комбайнының күлі екі жаққа да оңай бұрылады, ал басқармалы деңгелектер бұрылмайтын себебін атаңыз?
256. Нива мал азығын жинайтын комбайнында техникалық байқау № 1 өткізу кезеңділігі қандай
257. Масақтан немесе шашақтүдеп дән неліктен толық бөлінеді?
258. «НИВА» комбайнының СМД-18К қозғалтқышының күйінде мен сору клапаны арасындағы саңылау?
259. СК-5 комбайнында грохот жұлқылау ағашындағы сабан түсіп қалу себебін атаңыз?
260. РКС-6 комбайнда мотосағатта техникалық байқау № 1 кезеңділігі қандай?
261. Т-150К және К-700 типті тракторлары жүргізу құқығы кімге берілді?
262. Қозғалтқыш пен берілістер қорабы бұзылған өздігінен жүретін машинаны сүйрету үшін қандай құрылғы қолдану керек?
263. Адамдарды машинада, тіркемеде тасымалдағанда, қозғалтқыш бастамас бұрын не істеу керек?
264. Жүргізушінің денсаулық жағдайы жол қозғалысының қауіпсіздігіне қалай әсер етеді?
265. Қандай ақаулар қоршаған ортаны ластайды?
266.Көлік жұмыстарын жүргізгенде жүргізушіге қандай құжаттар болу тиіс?
267. Теміржол өтпесін өткенде жоғарытұлған беріліске қай кезде ауысуға болады?
268. Өздігінен жүретін машинаны рульдік гидрокушейткіші бұзылғанда пайдалануға болады ма?
269. Қоректендіру жүйесі приборларында жанармай тегілу рұқсат етіле ме?
270. Пульсі болмаған немесе нашар сезілген , бозарыы байқалған жағдайларында адамды қалай жатқызу керек?
271. Жанармай аппараты дұрыс реттелмегендікте, қандай сипаттамалар қоршаған ортаны ластағандықтан қозғалтқышты пайдалануға тыйым салады?
272. 272. Қай тежеу ертерек іске қосылу тиіс машинаның мөлшерінде?
273. Рульдік басқарудың қосу күшінің топсаларында қандай қаңылаулارға рұқсат берілген?
274. Жұмысшы тежеуіштің еркін жүріс шамасы қандай болу тиіс?
275. Тіркемесімен өздігінен жүретін машинаның топырақ жолдарда қозғалысының максималды жылдамдығы қандай?
276. Қандай жарақат алған кісіні отырғызып немесе жартылай отырғызып тасымалдайды?
277. Төмен қататын салқындатқыш сұйықтарды (антифриздер) сақтайтын және тасымалдайтын сауттар және олардың боғатылтыңдары қандай белгіленеді?
278. Тұрақ тежеуі қандай өңкішік машинамен тіркемені ұстап тұруы керек?
279. Тіркемені қосу үшін артқы жүріспен қандай жылдамдықта жақындау қажет?
280. 10 кВ желісінің астынан өткенде өздігінен жүретін машинадан желіге дейін қандай арақашықтық болу тиіс?
281.Өткелден өткенмен кейін не істеу керек?
282. Қандай жарақат түрінде міндетті түрде жатқызып тасымалдау қажет?
283. Агрессивті сұйықты (қышқылдар, сұйық химикаттар және тағы басқа) тасымалдағанда оларды қайда қуюға болады?
284. Бір оське протекторларының суреттері әртүрлі шиналарды қоюға болады ма?
285. Қай жерде берілістер қорабының диапазондарын ауыстыруға болады?
286. Қандай жағдайларда жетекші деңгелектерге шынжыр кигізді?
287. Төмен тұсқанда тіркемеңің өздігінен жүретін арбаны басуын қалай алдын алуға болады?
288. Ашық жарақат алған кісіге алғашқы көмек көрсеткенде дұрыс әрекеттер реті қандай?
289. Гидрожүйеден май төгілін, қоршаған ортаны ластаған. Ондай машинаны пайдалануға?
290. Өздігінен жүретін машинаның кабинасына лас ақ киммен кіруге болады ма?
291.Шұдың қандай деңгейінде өздігінен жүретін машиналарды пайдалануға болмайды?
292. Көлік агрегаты тұратын орнынан жылжу алдында не істеу керек?
293. Өздігінен жүретін машинага қандай жылдамдықпен кері бұрылуға болады?
294. Деңгелекті ауыстыру үшін өздігінен жүретін машинаны көтеру үшін не қолданылады?
295. Қоректендіру жүйесі приборларында жанармай тегілу рұқсат етіле ме?
296. Жұмысшылардың қандай әрекеттері жарақаттануға себеп болады?
297. Жалпы қолданыстағы жолдарда қозғалғанда артқы габариттан 1 метр асатын жүгі бар тіркеме немен жабдықталу тиіс?
298 . Қандай шекті көлденең еңкіштікте өздігінен жүретін машинага жұмыс істеуге боалды?
299. Жарақаттанған кісіде жүрек ұрысы және тынысы байқалмайды. Не істеу керек?
300. Бұрылыстың гидрожүйесінде ақаулар болған өздігінен жүретін машинаны қалай сүйрету керек?
301. 110 кВ электр желісінің салбырған сымына дейін қандай қашықтық болу тиіс ?
302. Талма жағдайда болған әзірленуіне алғашқы жәрдем көрсеткенде әрекеттердің реті қандай?
303. Өздігінен жүретін машинага техникалық қызмет көрсетілгенде жабық жайда қозғалтқыштың жұмысына:
304. Көлік жұмыстары кезінде өздігінен жүретін машинаның шиналарындағы қысым қандай болу тиіс?
305. Өздігінен жүретін машина еңкіштікке итеріп қозғалған кезде қозғалтқыштың сөндіруге болады ма?
306. Радиаторды тазарту тәсілінің қайсысына тыйым салынған?
307. К-700 типті өздігінен жүретін машина орнынан қозғалғанда әрекеттер ретінің қайсысы дұрыс?
308. Өздігінен жүретін машина тіркемеен еңкіштікке бұрылғанда не істеу керек?
309. Шағын жарадан қан кетуін тоқтату үшін мақтаны қолдануға болады ма?
310. Өтіп жатқан өздігінен жүретін машинадан (тіркемеден) жоғары вольт сымға дейін аралық қандай болу тиіс:
311. Артқы деңгелектің шинасын қандай шекті қысымға дейін ауамен толтыруға болады?
312. Тіркемеде сығылған газ толтырылған баллондарды тасымалдағанда қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін нені істеу керек?
313. Бастапқы жылдамдығы 20 км/сағат құрақ асфальтта (бетон) қозғалыстағы Б категориялы өздігінен жүретін машинаның тіркемеен тежеу жолы қандай болу тиіс?
314. Жүктің жоғары нүктесінен төменгі сымдарға дейін биіктік бойынша рұқсат етілген арақашықтық қандай?
315. Қандай жағдайларда алдыңғы қозғалғыстағы көлік құралын басқы оғуға болады?
316. Қыс мезгілінде жұмыстан тұрақта келгенмен кейін пневможүйеде қандай әрекет міндетті түрде орындалады?
317.Үсіккє ұшыраған адамға алғашқы жәрдем көрсеткенде әрекеттердің дұрыс ретін көрсетіңіз:
318. Қозғалтқыштың жанармай аппараты дұрыс реттелмегенде, қандай сипаттамалар қоршаған ортаны ластайтындықтан пайдалануға тыйым салынады?
319. Есік құлыптарында ақаулар бар өздігінен жүретін машинаны пайдалануға болады ма?
320. Өздігінен жүретін машинаның кабинасында неше адамды (жүргізушіден басқа) тасымалдауға болады?
321. Өздігінен жүретін машинаны трейлермен тасымалдау алдында не істеу керек?
322. Пайдаланудың қай тәртібінде өздігінен жүретін машинаны медициналық дәрі қобдишасымен жабдықтау керек?
323. Өздігінен жүретін машиналарды жуды қайда өткіз керек?
324. Неше жаста бастап Б категориясына жататын өздігінен жүретін машинаны жүргізуге рұқсат беріледі?
325. Артқы жүрістің шамдары қандай түсті болуы тиіс?
326. Қиын жол жағдайларында екі тіркемеемен өзі жүретін машина жалпы қолданыстағы жолдарда қозғалғанда, қозғалыс жылдамдығы қандай болуы тиіс?
327. Қуаттылығы 75 а.к. асатын қозғалтқышты шынжыр табанды өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге құқығы кімге берілген?
328. Жанармай құбырынан минутта бір-екі тамшы аққанда шынжыр табанды өздігінен жүретін машинаны пайдалануға болады ма?
329. Дизель қозғалтқышының жанармай құбырларын және табандықтағы ашық отпен жылытуға болады ма?
330. Шам құралдары болмаса немесе бұзылса, шынжыр табан машинада жұмыс істеуге болады ма?
331.Көлік жұмыстарын орындағанда тракторист- машинистте қандай құжаттар болуы тиіс?
332. Шынжыр табан өзі жүретін машинадағы планетарлық механизмнің тежеуіші неліктен батып қалады?
333. Шынжыр табанды өздігінен жүретін машинаны орнынан қозғалу алдында не істеу керек?
